*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы. «Егемен Қазақстан» газеті. Астана, 12 сәуір, 2017. [https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru\\_a3016293](https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293).

2. «Мәдени Мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2004. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001277>.

3. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Ана тілі, 2002.

4. Балкенов Ж. Өрнек өнерінде көркем шығармашылық іс-әрекетті оқытудың бағдарламасы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы, 2004. № 2. 157-161 б.

5. Төлебиев Ә. Өнер өрісі. Алматы: «Өнер» 1996. 150 б.

6. Бекболатова К.М. Ұлттық өнердің этномәдениет құндылықтары рухани-эстетикалық тәрбиенің асыл арнасы. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы, №2(47) 2016, 124-б.

7. Ергалиева Р.А. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. Алматы, 2002.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Ахмет Ясауи университеті). Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Бекзат Саттарханов даңғылы, 29. Университет қалашығы. 161200

Әуелбеков Ержан Бураханұлы, «Өнер» факультеті, Бейнелеу өнері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к.

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (Университет Ахмеда Ясави). Туркестанская область, город Туркестан, проспект Бекзата Саттарханова, 29. Университетский городок. 161200.

E-mail: Aron-2005@mail.ru

Ауелбеков Ержан Бураханович, факультет «Искусство», ассоциированный профессор кафедры Изобразительного искусства, к.п.н.

**МРНТИ 14.33.17**

*Накбаева А.Б.*

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*

## ДИЗАЙНЕРЛЕРДІҢ КОСТЮМ ДИЗАЙНДАҒЫ ОЮ ӨРНЕКТЕРІ

Мақалада болашақ дизайнерлердің костюм дизайндағы материалды объектілерді жобалау болып табылады, яғни адамның қажеттілігін қанағаттандыратын тұтынушы бұйымдарын жасау өнері. Ғылымдардың пәні бүгінгі таңда материя қозғалысының жекелеген түрлері ғана емес, олардың байланысы мен өзара байланысы болып табылады. Дизайн - шығармашылық жобалау іс-әрекеті, оның мақсаты, үйлесімді заттық ортаны құру, әрі адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін толық қанағаттандыруды көздейді.

Дизайнер — дизайн саласында жұмыс істейтін адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін сонымен қатар, жоғары тұтынушылық қасиеті мен бұйымның жоғары эстетикалық сапасын қамтамасыз ететін маман.

Дизайн объекті - түрлі өнеркәсіп бұйымдары мен қала құрылымының жүйесі мен элементтері, өндірістік және тұрмыстық орта, визуальді ақпараттар болуы мүмкін. Сол сияқты, киім мен оның элементтері дизайн объектісі; заттық орта бөліктері де - жиһаздар, ыдыстар, құралдар, автомобильдер және самолеттер де дизайн объектісі.

Киім дизайны - бұл дизайн іс-әрекетінің бір бағыты (ол индустрия дизайнері, дизайн орта, графикалық дизайнер секілді жеке бағыт), оның басты мақсаты заттық ортаның жеке элементтерінің бірі киім үлгілерін жобалау болып табылады.

**Кілім сөздер:** Өнер, оқыту, ғылыми- әдіснама, әлем, дизайн, дизайнер, ою өрнек, костюм

*Накбаева А.Б.*

*Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави  
(г. Туркестан, Казахстан)*

## ДИЗАЙНЕРЫ, ДИЗАЙН КОСТЮМА ДЕКОРАТИВНЫЕ ВЫРАЖЕНИЕ

**Аннотация:** В предлагаемой статье дизайнеры дизайна костюмов для будущих дизайнеров - это дизайн объектов, которые являются искусством создания потребительских товаров, которые отвечают потребностям человека. Предметом наук сегодня являются не только определенные типы движения, но и их связь и взаимосвязь

Дизайн - это творческая проектная деятельность, целью которой является создание гармоничной среды и полное удовлетворение материальных и духовных потребностей человека.

Дизайнер - специалист, который обеспечивает материальные и духовные потребности людей, работающих в дизайне, а также высокую эстетику и высокое эстетическое качество продукта.

Объектом дизайна является система и элементы различных промышленных продуктов и городских структур, промышленной и бытовой среды, визуальной информации. Аналогичным образом, одежда и ее элементы являются объектом дизайна; Материальные части объекта - мебель, посуда, инструменты, автомобили и самолеты - являются объектами дизайна.

Дизайн одежды - одна из тенденций дизайна (это дизайнер по дизайну, дизайн в среднем, персональная ориентация, как графический дизайнер), основной целью которого является создание образцов одежды, одного из отдельных элементов физической среды.

Дизайнер может визуализировать материальную среду и сделать это своей собственной рукой. Дизайнер новых культурных продуктов

**Ключевые слова:** Искусство, образование, научная методология, мир, дизайн, дизайнер, резьба, костюм

*Nakbaeva A.B.*

International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi  
(Turkestan city, Kazakhstan)

### **DECORATIVE DESIGNER, DESIGN STUDY DECORATIVE INSTRUCTIONS**

**Annotation:** Design is a creative design activity, which aims to create a harmonious environment and fully satisfy the material and spiritual needs of a person.

In the proposed article, designers of suit design for future designers are the design of objects, which is the art of creating consumer products that meet the needs of the person. The subject of sciences today is not only certain types of motion, but also their relation and interconnection.

Designer is a specialist who provides material and spiritual needs of people working in design, as well as high aesthetics and high aesthetic quality of the product.

The design object is the system and elements of various industrial products and urban structures, industrial and household environment, visual information. Likewise, clothing and its elements are the object of design; The material parts of the object - furniture, dishes, tools, cars and airplanes - are objects of design.

Clothing design is one of the design trends (it is a industry designer, design middleweight, personal orientation like graphic designer), the main purpose of which is to design clothing samples, one of the individual elements of the physical environment.

The designer can visualize the material environment and do it with his own hand. Designer of new cultural products

**Keywords:** Arts, education, scientific methodology, world, design, designer, carvings, costume

*А.Б.НАКБАЕВА преподавателькафедры «Изобразительное искусство»  
Международного казахстанско-турецкого университета имени Ходжа Ахмета Яссауи,  
Туркестан, Тыныштыкулова № 7, тел .: +7087770685, e-mail: [almira\\_0983@mail.ru](mailto:almira_0983@mail.ru)*

**Кіріспе.** XIX-XX ғасырда жаппай өндірістердің дамуы нәтижесінде кәсіп орындар саласында, өзіндік шығармашылық іс-әрекет нәтижесінде дизайн пайда болды. Ол өнер мен техника саласындағы шекараны жойып оларды өзара үйлестіре білді. Дизайн жобалау іс-әрекетімен жаңа мәдениет саласымен байланыста болып - жобалау мәдениеті ғылыми -техникалық және гуманитарлық мәдениетімен тұтас байланыста болды.

Заттық орта - бұл адамды қоршаған бұйымдардың жиынтығы мен олардың комплексі, оларды адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға сонымен қатар, өмірде функциональды процестерді ұйымдастыруға қолданылады.

Киім дизайны - бұл дизайн іс-әрекетінің бір бағыты (ол индустрия дизайнері, дизайн орта, графикалық дизайнер секілді жеке бағыт), оның басты мақсаты заттық ортаның жеке элементтерінің бірі киім үлгілерін жобалау болып табылады.

Дизайнер заттық ортаны бейнелеп оны өз қолымен жасайды. Дизайнер жаңа мәдени бұйымдарды өз қолымен жасайды немесе ескі заттардың "көркемдік" вариантын дайындайды. Сондықтан да киім дизайнері адамдардың тұрмыстық кейіпін өзгерту және қажеттілігіне сай жаңа функция мен қасиетке ие бұйым үлгілерін жобалауға бағытталуы тиіс, ол дәстүрлі формаларды әшекейлеумен айналыспайды (киімді көркемдеп сәндейді) жаңа үлгілерді шығарады.

Киім заттар құрамына кіре отырып төмендегідей функцияларды атқарады:

1. Тиімді-практикалық;
2. Қолайлылық, ыңғайлылық.
3. Нәтижелі мақсатқа жету;
4. Интеграциялық - мұнда заттар бірігіп мәдениет саласында айқындалады яғни, мағынасына, салтына, құндылық пен материалына, формасына қарай мәнерленеді. [1,87].

**Зерттеу әдістері.**Дизайн - бұл тұтынушы қоғамын әлеуметтік тұрғыда реттеуші болып табылады, әрі оның функциялық атқаруы мен мәнерленуіне әсер етеді. Жаңа бұйым процесі мынадай жүйеден құралады; айқындау — жобалау - бағдарлау (болжау) -жобалау - өндіру - тираждау - тапсыру - тұтыну. Дизайн саласында талдау мен синтездеу әдістері ретімен қолданылады. Жоба алдындағы талдау жобаны іздестірудің алғашқы этапында жүргізіледі. Талдау, синтездеу тәсілдері арқылы интеграциялануы нәтижесінде құрылымы қалыптасып, объект үйлесімді бола түседі.

Ою-өрнектер гармония мен пропорция заңдылықтарына бағынады. Орнамент (латын сөзінен аударғанда "ornamentum"- "әшекей" деген мағынаны білдіреді) композициялық құрылымның ең көп тараған өнер түрі болып саналады. Көбіне ол архитектура мен сәндік-қолданбалы өнерде және киімде басым қолданылды. Орнаментті композиция маңызды мәнге ие әсіресе дәстүрлі, символды, тиімді әрі стилистикалық маңызы үлкен. Орнамент ұқсас ою бөліктердің қайталануы. Өрнектің ұқсас бөліктерінің кіші аудандарда қайталануы раппорт(француз тілінен аударғанда "гаррогі" - "қайту" деген мағынаны білдіреді), Раппорт горизонталь мен вертикал бағытта қайталануы раппорт торы - деп аталады.

Мотив - орнаменттің басты элементі. Мотив қарапайым (бір элементтен) немесе күрделі (бірнеше элементтен) құралуы мүмкін. Раппорттық қайталануына қарай барлық орнаментальді композиция мынадай түрлерге бөлінеді:

Арқанды ою-өрнек - бір бағытта раппорттың қайталануы .

Орталық ою-өрнек - ою-өрнек симметриялы осьтің айналасында орналасады

Торкөзді ою-өрнек — немесе оны раппортты композиция деп атайды.

**Зерттеу нәтижелері**Қазақтың ұлттық ою - өрнектерінің негізін іздестіру ісінде Т. Қ. Бәсеновтың «Орнаменты Казахстана в архитектуре» деген кітабы көптеген құнды материалдарға толы. Автор ою - өрнек элементтерінің даму тарихын көрсете келіп, оларды түр - түрге ажыратады. Мысалы: «арқармүйіз», «қырық мүйіз», « сыңармүйіз», «қармақ», «ырғақ», «қошқармүйіз», «жапырақ», «гүл», т. б.

Әрбір ою - өрнектегі атау жай ғана атау емес, сол атаулар арқылы ою – өрнектің тал бойында жасырын жатқан сырды, маңызды да мағыналы ойды алуға болады.

Мәселен, «орамал балдақ» - оюының атауында да мағыналы мән жатыр, «орамал» - әйелдер басына тартатын жаулық, «балдақ» - шымылдыңтың бау өткізетін шығыршығы, ілгегі, яғни, орамал мен балдақ жаңа түскен келінге шымылдық тұту басына жаулық салу сияқты қазақ салтының шартты бейнесі ретінде бейнеленген.

«Орамал балдақ» - өрнегінің жан - жағына «тұмар», «гүл оюы», «су оюлары» салынып, аққуларға қызыл, жасыл, көк түспен тоқылады. Мұнысы – «туған жердің гүліндей жайнап, сарқырап тоқтамай, ақпай судай, мәңгілік халқыңа қызмет ет» - деп халықтың жаңа түскен келінге айтатын арман тілегі.Ою-өрнек композиция жанры: геометриялық ою-өрнек, өсімдіктестес ою-өрнек, хайуанат тектес ою-өрнек, орнитаморфты және антропоморфты, тратологиялық, коллиграфиялық, арабескалы, геральдикалық, құрама ою-өрнек түрлеріне бөлінеді. Халық шеберлері алғашында костюмдегі ою-өрнектерді түрлі нанымдарға байланысты салып отырды. Біздің ата-бабаларымыз да осы өрнектерді киімге салу арқылы тіл көзден, бәле-жаладан сақтайды деп санаған. Қазақ ою-өрнектері қазіргі киімдердің мата суретіне байланысты талдау үшін суретші модельерлер мыналарды ескеруі қажет:

костюмнің функциональдық пайдалануын, яғни ол күнделікті тұрмыстық немесе сәндік, үйге, демалуға арналған киім екендігін анықтауы қажет;

костюмнің жас шамасына лайықтылығын, яғни түрлі жастағы балаларға, жастарға немесе қарияларға арналған киім түрлерін;

жыныстық ерекшелігін, ерлерге немесе әйелдерге, тіпті екеуіне бірдей унисекс киімдерді;

модельдің ерекшелігі мен конструкциясын, киімдегі сызықтар мен бөліктерді, конструктивті сәнді детальдарды, матаны қиғаш пішу мүмкіндігін;

мата суретінің қазіргі заман мода ағымына, мерзіміне сай келуін ескеру. [2,95].

Костюмдегі өрнектер тек мата суреттері арқылы ғана берілмейді, олар әр түрлі сәндік әшекейлер арқылы: кестелеу, аппликация, арнайы бояулар, батик, тоқыма баулар т.б. арқылы да өрнектеуге болады.

Халықтың ою-өрнек әшекейлерінің ең бір көп кездесетіні ұлттық киімдер. Қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері мен атаулары көп: кейде ұлы жүз, кіші жүз үлгілері деп, кейде әлгі жүздер арасындағы рулардың аттарымен аталады. Мысалы: адай бөрік, арғын тымақ т.б. кейде графикалық ортаға байланысты деерекше мәнер үлгіге бөлінеді.

Зерттеулерге сүйенсек, орта жүздің шапандары кебінесе бір беткей сырусыз, етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары түймелі болып келді. Кіші жүздің шапандары да шалғайлы, жеңдері кең, жүн тартқан бидайланған қалың, қайырма жағалық болып келеді. Үш жүздің қайсысында болса да, шапанға үлкен мән берген және оны барлық жерде жабу деп атайды.

Қазақ оюларын мазмұны жағынан жіктесек, олар үш түрлі ұғымды бейнелейді, Біріншіден мал өсіру аңшылықты, екіншіден жер-су көшіп қону көріністерін, үшіншіден күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың бейнесін береді. Ұлттық ою-өрнегіндегі бір ерекшелік -осы түрлі ұғымның қайсысын бейнелегенде де ұлттық ою-өрнектің негізі мүйізхоюы барлық ою ішінде кездеседі. Халықтың этнографиялық кейбір элементтері ою, сызу, бедерлеу, бейнелеуі өрнегінің де белгілі орын алғанды. Мысалы, бұрынғы ру тайпалары, малдардың-таңбалары діни сенімдер негізіндегі ай, жұлдыз, аспан тұспалдау және тағы басқалары. Қазақтың қол өнерінде түрлі өрнектері бар. Біздің бұл көрсетіп отырғанымыз тек әзірше ізі табылған, әдебиет беттерінде жұртшылыққа таныс болған, екі үйдің бірінен кездесетін өрнектер ғана. Оның әлі де бізге кездеспеген, не көңілден тыс қалған түрлері әр жерде әр түрлі айтылатын атаулары өте көп екені байқалады. Бұл пікірді зерттеуші этнографтар да ертеден-ақ айтып келеді. Жалпы өрнек атауларын мағынасына қарай Ә.Марғұлан мынадай топтарға жіктейді:

1. Ай, күн, жұлдыздарға-көк әлеміне байланысты өрнектер. Малға , малдың денесіне, ізіне байланысты өрнектер.
2. Малға малдың денесіне, ізіне байланысты өрнектер.
3. Аңға, аңның денесіне, ізіне байланысты өрнектер
4. Құрт – құмырсқаларға , байланысты өрнектер.
5. Құстарға байланысты өрнектер
6. Жер, су, өсімдік, гүл, жапырақ, бұтақ бейнелі өрнектер.
7. Қару-құралдарға байланысты өрнектер
8. Геометриялық фигуралар тектес өрнектер

Сондықтан біз қазақ өрнектері малшылық көшіп-қонушылық заманындағы тұрмысты геометриялық түсініктердің сырт тұрпатын байқаудан туған ұғым негізінде дамыған деген болжамға қосыламыз. Ою-өрнек, әшекей жасау шеберлігі бейнелеу өнерінің бір түрі. [3,90].

Алшеберлер халықтық ою-өрнектерден өздері көріп, көңілдеріне ұнағандығын, қағазға не жарғақ теріге, не теріге, не металға түсіріп, ойып алған. Енді осы ою-өрнектердің көп қолданылатындарына, сондықтан да халық шеберлерінің көпшілігіне белгілі атауларының, кейбір түрлеріне әдейі тоқтап өтейік.

"Ай" өрнектері шынында да аспандағы айдың мезгілі жасалған. Бұлар көбінесе ерлердің бас киімдерінде, жайнамаз сияқты заттарда көбірек кездеседі. Бұл өрнек ислам діні келуден кептеген жылдар бұрын шыққаны анық. Себебі, бұрынғырақ замандарда көптеген қауымдар ай мен күнге, от пен жұлдызға табынған. Жаратылыс құбылыстарынан мағлұматсыз заманда ай да, күн де, жұлдыз да тәңірі болып көрінген.

"Бес дөңгелек" кейде қатар төрт бұрыш түрінде келетін бұл өрнектер бір кездердегі ру таңбалары мен төрт түлік малға басылатын таңбаларды еске түсіреді. Мұндай өрнектер қолөнер істерінің барлығына тән. Сондай-ақ "Бесжапырақ", "Бесгүл", "Төртгүл", "Үшгүл" деген сөздер өрнек атауларының бас буындары өрнек элементтерінің санын көрсетеді. Ол ерлер шапанының жота бөлігінде түрлі ою элементтерімен үйлесе отырып өрнектеледі.

"Су өрнегі", "Су"-деп әрбір өрнекті бөліп тұрған және екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек төрт бұрышты бейнелерді жасайды. Ерте уақытта судан өту қиын болған. Көбінесе шекара сондай бір судың бойымен мәжеленген. Мұны қазіргі замандастардың сөздері де растайды. Су өрнегі өрнек пен өрнектің арасындағы шекараны білдіреді.

"Жіліншік"-малдың жілік сүйектерінің негізінде туған атау. Осыған орай "жіліншілік" өрнегіне ұзынша келген, кейде қатар екі сызық бейнесінен күрделі буынды өрнектер жатады. "Иректер", "Ирек су" өрнектері кейде түзу сызықтардың сынықтары, кейде доғал сынықтардың үлгі тасы арқылы жасалады. Ондай сызықтар бірнеше қатар сызықтар түрінде қатарласа келеді. Кейде бір иректің іші екінші ирекке қарсы келіп, төрт бұрыштар мен "сағат бау", "сағаты" тәріздес өрнектер жүйесін түзейді. Мұндай мәнерлер кейде көп иректі "таңдай" өрнектерін жасайды.

«Мүйіз» өрнектері. Бұрын-соңды зерттеуші ғалымдардың барлығы бұл өрнектердің негізгі қойдың, арқардың, бұғының, сиырдың мүйіздерін мезгілден шыққан деп түйеді. Бізше де сол дүние сияқты, "мүйіз" өрнегі өте ескі өрнек және ол көбінесе мал шаруашылығымен, айналысқан көшпелі де, мәнер ретінде жиі кездеседі.

"Төртқұлақ"-бұл "Қошқар мүйіз" -оюының төрт тармақтан құралып, ортасы крест бейнесін жасап келген түрі. Мұны көбінесе оюлардың ортасын, не шет бұрыштарын көбінесе әшекейлеуде жиі қолданылады.

"Түйемойын" — түйенің мойны сияқты иірілген мүйіз ою. Мұндай өрнек мәнері көбінесе күрделі бір мүйіз оюларымен тұтаса келеді де, "түйемойын"-өрнегі сол топтан оза, өз алдында оқшауланып, өзге денеден озып тұратын түйенің мойнын, басын еске түсіреді.

"Жұлдыз"-өзіндік символдық мәні бар, бұл өте аспан әлемі шырақтарын түспалдап бейнелеу мағынасын білдіреді. "Жұлдыз" өрнегі негізінен, бас киімдерде композициялық орталық бөлігін толтыру үшін қолданылады. Негізгі түстер: қызыл, қан қызыл, көк, сия көк. "«Құстандай» -оюы, құстың таңдайы секілді пішіміне қарай аталған. Ол шешендер мен ақын-жыршылардың киіміне салынады. Ондағысы құстай сайрап, құлаққа жағымды, көңілді сергітіп жан жұбатарлық болсын деген тілекпен киімге салынған.

**Талқылау.** Қазақ халқының ою-өрнек өнерін В.Куррер, Ф.Т Куглер, С.В Иванов, В.В Стасов, В.К Волков, С.А Давыдов, Н.В. Сумцов, А.Н Бернштам, және қазақ халықтары Ә.Марғұлан, Т.Бәсенов, Е.Масанов, М.Мұқанов, С.Қасиманов, Ө.Жәнібеков, Б.Тұяқбаева, Б.Әлмұхамбетов, Б.Ибраев, К.Ибраева, Т. Жанысбеков, Ж.Шәйкенов, Ұ.М Әбдіғарова және т.б ғалымдар зерттеген. Этнограф, өнертанушы Садық Қасимов пен архитектор – ғалым Тілеутай Бәсенов ою туралы біраз деректер қалдырды. Сонымен қатар өз облысымыздың тумаксы, осы өнердің жанашыры, қазақ оюның қаймағын тамызған Шөптібайұлы Байділдинді ерекше атап өтуге болады. Қолөнер шебері 60 тың асқарынан шықса да ізденіп, 1500 жуық оюларға атау беріп, сол оюларды ойлап тапқан. Өмірін оюмен өрнектеген ағамыз бала кезінен бастап ою-өрнекті дамытуға арнаған, тіпті он жыл бойғы өмірінде, тек қана оюшылықпен, оны жетілдірумен айналысқан ел ағасының өнері ерлікпен пара пар деп есептеуге ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Құстұмсық, қанатты оюлары

еркіндіктің, байлықтың, молшылықтың тұрпаттайтын секілді. Бұл өрнектер қыздардың, жас балдарың киімдеріне салынады. Қазақ халқының ерте кезден бергі әдет-ғұрып салты бойынша бөтен жерге, алыс ауылға күйеуге ұзатылған қыз баланың белгілі бір уақыттан кейін төркін жағна сәлемдеме жіберуі тиіс екен. Сәлемдеме жас келіншек өзінің күйеуге шыққаннан кейінгі тұрмыс жағдайын ою-өрнекпен бейнелеп жіберуі шарт болған. Осы жай бойынша тұрмысқа шыққан бір қыздың үйіне жіберген сәлемдемесінде алақандай жарғақ бетіне бойы сарайған ұзын және өте жіңішке әрі арық адам бейнесі кестеленіп салынған және өте жіңішке әрі арық адам бейнесі кестеленіп салынған және оның жанында тұрғантапал бойлы толық адам бейнесі бейнеленген. Бұл сәлемдемеден қыздың ата-анасы жат жұртқа ұзатылған баласының отырса опақ, тұрса сопақ болған мүшкіл халін түсінген. Осы секілді келесі бір күйеуге ұзатылған қыздан "құсмұрын" бейнесі салынған сәлемдеме келсе, ата-анасы одан баласының барған жерінде күхтай ерікті, басы бостандыққа, жағдайы жақсы екенін ұғатын болған. Осы мысалдардың езінен халқының ерте замандардан ою-өрнек өнерін өмір мүддесіне, тұрмыс қажетіне пайдаланып, іске жаратып келе жатқанын көреміз. Демек, өткеннен әдет-ғұрып дәстүрлерінің бәрі бізге жат емес. Оның ішінде тәрбиелік маңызы барларын, керектілерін бүтінгі күні де пайдалана білуіміз керек. Оюлап өрнек салып тоқу халық өнерінің бір саласы, оның түрлері мен атаулары күнделікті тұрмыста қолданылуы, тұтыну тәсіліне қарай, ұқсату мен іске асыруының амалдары, жолдары да түрліше болады.

"Гүл", "шұғыла", "бүршік", "жауқазын" өрнектері сахна төрінде көпшілік назарына ұсынып, жаңаша ұлттық стильдегі модельдерді көрсету арқылы қазақ халқының тамаша өнерін көрсетті. Мода ағымында ою-өрнек түрлерін қолдану модельерлерге ерекше шабыт бере түскендей. Оған мысал, қазақстандық суретші модельерлердің еңбектері. Қазақстан ою-өрнектерінің түстік шешімі, басқа да әлем халықтарының өрнегі секілді түстік шешімін анықтай білген. Ою-өрнек жасаушы шеберлер түс таңдауда да өздерінің сауаттылығын танытқан. Халық шеберлері бояудың, түстің көзге ғана емес, адам психикасына да әсері барын білген, олар әсіресе қызыл түске көңіл бөлген. Қызыл түс көңілі және бақытымен байланысты. Әрбір түстің ою символдық ерекшелігі бар деп санаған. Көк - аспан, су; Қуаныш, бақыт, тазалық; жасыл - көктем, жастық шақ; сары - білім, ақыл-парасат; қара — жер ананы білдірген. Ою-өрнек ежелгі кезде дәстүрлі, ырымдық сипатқа ие болған. Өрнектелген тұмар дөңгелек- күн аспан символын білдірген. Ежелде барлық өрнектерді оқи білген. Ал қазіргі кезде өрнектердің түрі, сипаты өзгеріп, араласып кеткен соң, мағынасында өзгере түскен.

Ою-өрнектердің өрнегін өрнектеуде симметрия негізгі принциптердің бірі, сол сияқты түстік шешімде де, үлкен роль атқарады. Бірғақтық, түстік шешім әртүрлі түстердің үйлесімділігі қазақ бұйымдарында ерекшелік сипатымен жарқын бейнеленген. [4,72].

**Қорытынды.** Қорытынды Менің түсінігімде ою-өрнек дегеніміз – дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылыдылық, зеректік, көңіл-күйдің жақсылығы, шуақты шақ, арайлы кезең, жарқын әлем, көңілге шабыт, шаттық ұялатады, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке тәрбиелейді. Ою- өрнек өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген құштарлық жиын-тығы. Ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік болады.Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қайта жаңғырған қолөнерімізде ұлт мүддесіне негізделген серпіліс, мақсатты бетбұрыс байқалады. Ою-өрнек – халқымыздың қол таңбасы, ол өшуге, жоғалуға жатпайды. Осы ою-өрнек түрлерін қажетті орнын тауып пайдаланған зергер, оюшы, шеберге үлкен көмек болары анық. Халқымыз ата-баба дәстүріне, салтына, мәдени мұраға адалдықпен қараған. Осындай бабалар мұрасын қастерлеп сақтау, мәдени мұрамызды дамыту, егемен еліміздің әрбір азаматының басты мұрат-мақсаты екені анық.Ата- бабамыздан бізге мұра етіп қалдырған қол өнер шебері ою-өрнекті қазіргі

кезде тек мейрам кездерінде сақынада киетін киімдерде көреміз, дегенмен біздің ата бабамыз күнделікті киімде, мерекелі киімде, бүкіл жихазға қолданған. Қазақ ою-өрнектерін зерттеу көптен бері қолға алынып келе жатқан өнертанымдық мәселенің бірі. Оны зерттеуге қазақ ғылымдары Ә.Маргулан, Х. Арғынбаев, М. Өмірбекова, С.Төленбаев, суретші Ғ.Иляев, өнертанушылар К.Ли, суретші-педагогтар Ж. Балкенов, Б.Әлмуханбетов, Қ. Ералин, Қ. Өмірғазиндер үлес қосқан. Дегенмен де ою-өрнектің атауы мен оның көрінісі, түрі мен түсі, өндірісте қолданылу аясы мен оны көркемдік білім мазмұны және эстетикалық тәрбие бастауы ретінде тану әлі де жеткіліксіз екендігін айту орынды. Сондықтан осылардың ішіндегі ең алдымен істелетін іс-әрекет. Ою-өрнектің мазмұнын өнертанымдық оқу материялы ретінде қарастыру. Діз төменде ою-өрнектер туралы материалды, оқу материалы ретінде оқушылар танымына ұсынуды орынды деп санайды.

Қазіргі таңда қолөнер шеберлері өздерінің туындыларына ою-өрнекті пайдалану бағытында өрнектің тарихи тіршілігін техникасын пайдаланып, көрсетілуде. Соның бір айғақтары Астанада, Алматыда салынған сәулет өнері, мүсін өнері, ескерткіштер. «Бәйтерек», «Ақ Орда», «Тәуелсіздік манументі», «Балалар саябағы» «Пирамида», «Конгрес хол» т.б. түрлері арта түсіп ерекшелене асқақтады. Ою-өрнек ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, адам жанына ләззат сыйлайтын, эстетикалық мәні зор өнер. Ою-өрнек өнері табиғатында белгілі бір ырғақ заңдылықтарына бағынады.

Халқымыздың ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып әр кезеңде түрлі қарым-қатынаста болғандығын өнер түрлерінің салаларынан байқауға болады. Дүние жүзіндегі барлық қол өнер шеберлері бейнелеу мен бедерлеуге қоршаған ортадан алынған әсерлерін талғаммен қолданғанын тұрғызылған ғимараттар мен өнер ғажайыптардан тануымызға болады. Халқымыздың ендігі міндеті ұлттық дүниетаным ерекшелігін танытатын осы өнер саласын заман талабына сай жетілдіріп көркем рухани қазына ретінде жастар тәрбиесінде пайдалана білсек ұлтымыздың биікке көтерілуіне қосқан үлес болар еді.

1. Өмірбекова М.Ш. «Қазақтың ою-өрнектері» Энциклопедия. Алматы, Өнер. 1994.
2. Өмірбекова М.Ш «Қазақ халқының дәстүрлі өнері » Алматы, Өнер. 1995
3. Маргулан А.Х «Казакское народное прикладное искусство». Москва, Искусства, 1992.
4. Ералин. Қ, Айменов. Ж. «Сәндік қолданбалы өнер»

1. Omirbekova M.SH. "Kazakhskiy ornament" entsiklopediyu. Almaty, st. 1994.
2. Omirbekova M.S., «Kazakhskiy traditsionnoye iskusstvo", st. 1995
3. Margulan A.X "Kazakhskiy Narodnoye iskusstvo». Moskva, iskusstvo, 1992
4. Eralin. K. Aymenov. J. "Dekorativnoye iskusstvo"

УДК 378.02:37.016

<sup>1</sup>Абельдинов А.Қ., <sup>2</sup>Абдулла Н.С.

<sup>1</sup>Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 2 курс докторанты  
Алматы. Қазақстан

<sup>2</sup>Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, аға оқытушы Айдар А.М.

## **АНИМАЦИЯЛЫҚ ӨНЕРДІҢ НЕГІЗГІ ДРАМАТУРГИЯЛЫҚ КОМПОНЕНТТЕРІ**

*Аңдатпа*

Өнерде, шығармашылықта драматургия мәселесі әр уақытта өте өзекті мәселе болды. Көптеген өнер зерттеушілері өз еңбектерінде драматургия мәселесіне ерекше тоқталатыны шындық. Себебі ол тек әдебиет пен театрдың ғана емес, кино, анимация өнерінде де аса маңызды орынға ие. Шығармашылықтың басты тұғыры десек те болады.

Драматургия түсінігі тұтастықты білдіргенімен, оны жеке дара компоненттерге бөліп қарастыру талданып отырған шығарманың ішкі құрылымын толықтай түсінуге мүмкіндік береді.

*Түйінді сөздер:* Драматургия компоненттері, кино, анимация өнері, фильм, сюжет.

## **ОСНОВНЫЕ КОМПОНЕНТЫ ДРАМАТУРГИИ В АНИМАЦИОННОМ ИСКУССТВЕ**

*Абельдинов А.К., Абдулла Н.С.*

*Докторант 2-го курса Казахской национальной академии искусств им.Т.Журганова  
Алматы, Казахстан*

*Научный руководитель: PhD доктор, старший преподаватель Айдар А.М.*

### *Аннотация*

Вопрос драматургии в искусстве, творчестве всегда был актуальным. Можно сказать, что многие искусствоведы уделяют особое внимание проблемам драматургии. Потому что драматургия занимает важнейшую роль не только в литературе и театре, но и в кино и анимации.

Драматургия является единым целым, но если рассматривать ее разделяя на отдельные компоненты то это позволит нам проанализировать произведения (фильм, спектакль, роман и т.д.) глубже.

*Ключевые слова:* Компоненты драматургии, кино, анимационное искусство, фильм, сюжет.

## **MAIN COMPONENTS OF DRAMATURGY IN ANIMATING ART**

*Abeldinov A.K.Abdulla N.S.*

*PhD Candidate of the T. Zhurgenov KazNAA  
Almaty, Kazakhstan*

*Scientific adviser: PhD doctoral, senior lecturer Aidar A.M.*

### *Abstract*

The issue of drama in art and creativity has always been relevant. It can be said that many art historians pay special attention to the problems of drama. Because dramaturgy plays a crucial role not only in literature and theater, but also in cinema and animation.

Drama is a single whole, but if we consider it dividing into separate components, this will allow us to analyze the works (film, performance, novel, etc.) more deeply.

*Keywords:* Components of dramaturgy, cinema, animation, film, story.

Драматургия – кез келген көркем шығарманың өзегі. Көптеген ізденушілер драматургия тек әдебиеттің, яғни сөз өнерінің құралы деп қарастырады. Алайда, драматургия түсінігінің қолданысы әлдеқайда кең екені белгілі. Драматургия музыка, бейнелеу өнері, би өнерінде де маңызды рөл атқарады, барлық өнерді бойына қамтыған театр және кино өнері де драматургиялық құрылымға бағынатыны сөзсіз. Не себепті? Себебі, өмірдің өзі – драматургия. Өнер – шынайылықты сүйетін, өмірдің өзінен нәр алған адамзат мәдениеті. Адам баласы өмір атты кеңістікте өніп-өскендіктен, өзі құрған мәдениет болмысы сол кеңістік заңдылықтарына тікелей байланысты болары анық. Ал, ендігі кезекте, әр өнер

драматургиясы бірдей болады ма, әлде олар арасында айырмашылық бар ма деген заңды сұрақ туындайды. Әрине, айырмашылықтар бар! Өнердің сыртқы түр-әлпеті, жеткізу тәсілі сан қырлы болғаны сияқты, олардың ішкі құрылымы да соншалықты өзгешелікке ие. Бела Балаш өзінің «Кино: жаңа өнер түрінің қалыптасуы және болмысы» атты кітабында: «Қазіргі таңда сценарий көркем әдебиетте жеке жанр ретінде қалыптасты. Драма бұрыннан бері театрдан жоғары тұрады. Ол театрдың стилі мен мақсатын анықтайды. Театр тарихы бұрыннан бері драма тарихының қосалқы мүшесі ретінде қалыптасып қалған. Ал, кино өнерінде бұл әлі де болса байқалмайды. Бірақ әр нәрсенің өз уақыты бар. Жақын арада сценарий кино тарихын анықтайтын кезең келетін болар. Даму жолы деген осы» - деп, кинодағы драматургияның орны жайында айтады [1, 12 б]. Кино өнері ғылыми тұрғыда зерттеле бастағанда көптеген кино саласындағы мамандар «кино – көрініс» деген ойды ұстанды. Кино көрініс арқылы көрерменге қалай әсер ететінін зерттейтін Бела Балаштың «Кино эстетикасы», «Камера-құрастырушы», «Ірі план», «Өзгермелі ракурс», «Монтаж» және Жиль Делездің «Бейне – қозғалыс», «Кадр және план», «Монтаж» деген сияқты ғылыми мақалар жарыққа шыққаны белгілі. Бұл мақалардың аты айтып тұрғандай, көбісі камера қозғалысының көрініске әсер етуін қарастырды. Әрине, енді ғана қалыптасып келе жатқан өнер түрін әдебиет пен театр өнерінен алшақтатып тұратын басты қасиеті – камераның құдіреті еді. Оның көрерменге бере алатын сезімі мен маңызы жайында айтылған әрбір пікір кинематографияны өзге өнер түрінен айтарлықтай өзгешелендіріп тұрды. Дегенмен де, кинодраматургияны киноның маңызды құралы ретінде қарастырмауға болмайды. Осы жөнінде В. Туркин: «Кинодраматургия түсінігін бұзу (яғни драматургия кинода маңызды болып есепталмеді деген мағынада) Балаштың (Бела Балаш) ескі көз-қарасы болып табылады» - дейді [2, 9 б]. В. Туркиннің пайымдауынша, Бела Балаштың ойымен өз уақытында С. Эйзенштейн де келіскен және сол уақытта жұмыс атқарған киносценаристтер болашақта түсірілетін фильм оқиғасын үстіртін суреттеп шығумен шектелген. «Кинодраматургиялық толыққандылықтың жоқ болуы киносценарийлерден оқиғаның идеялық мазмұнының көруін және оның айқын әрі эмоционалды даму жағын шектеді» - деген Валентин Туркиннің ойымен толық келуге болады [2, 25 б]. Бір ғасырдан астам уақытта пайда болған кино өнерінің өту сатысы белгілі бір қатып қалған қағидаларда қалып қоймады. Әр кезеңде әр түрлі өзгерістерге ұшырады. Кино зерттеушілерінің кинотеориясына қатысты ой-пікірлері мен тұжырымдамалары сан түрлі болғаны шындық. Кино шеберлігінің қалыптасуы киногерлердің ізденістеріне қарай түрлене береді. Бүгінде, әлем киносының жауһары атағына ие болған фильмдерден драматургияның кино саласында да маңызды орын алатынын байқаймыз.

Кино драматургиясының құрылымын, ерекшеліктерін зерттеу өте маңызды ғылымдардың бірі екенін Л. Нехорошев өзінің «Фильм драматургиясы» атты кітабында былай дейді: «Кинодраматургия теориясы» сценарий мен фильмнің жеке құрылымдарын зерттейді. Бірақ әр компонентті жеке-дара оқып шығу жеткіліксіз болады, өйткені оларды бөліп қарастыру біздің түсінігіміздегі дүние. Тәжірибе барысында олар бір тұтас екендігі анық. Сондықтан да, осы жеке организм қалайша бір-бірімен байланысып, бір-біріне тікелей қатысты екенін білу өте маңызды болып табылады» [3, 10 б]. Шынымен де, драматургия – тұтас дене. Оны бөліп қарастыру – өнер ғылымымен айналысатын өнертанушылар үшін зерттеуді жеңілдетеді және драматургия ерекшеліктерін оқып қарастыратын болашақ сценарист үшін маңызды ілім екені даусыз. Л. Нехорошев фильм драматургиясының негізгі құрылымын былайша бөліп қарастырады: 1) қозғалмалы және дыбысты картина; 2) композиция; 3) сюжет; 4) тұтастық; 5) идея.

Әдебиет зерттеушісі Зейнолла Қабдолов өзінің «Сөз өнері» зерттеу еңбегінде драматургияның басты элементінің бірі «дәлел» (мативировка) екенін айтады. Соған байланысты драматургия жайында айтылған түрлі пайымдаулардың нәтижесінде төмендегідей тоқтамға келіп отырмыз.

- Идея;
- Тақырып;
- Дәлел;
- Композиция;
- Кейіпкер

Бұл, жалпы кино өнерінің драматургиясында орын алатын негізгі бес компонент болып табылады.

Кино өнерінің толықтай бір болмысын ашатын негізгі құрылым ол – идея мен тақырып екені анық. Содан кейін, драматургиялық шешемнің қанықтала түсуіне кейіпкердің тікелей әсері бар екені белгілі. Дәлел және композиция бөлімі жоғарыда айтқандай Зейнолла Қабдолов пен Леонид Нехорошевтің ұсынысынан алынды. Әр өнер зерттеушісі осы драматургияның құрылымы жөнінде әртүрлі пікір айтуы мүмкін. Бірақ онымен драматургия өзінің шынайы болмысын жоғалтпайды, керісінше, бояуы қанықтана түседі, оқырманға түсініктірек бола бастайды. Сонымен қатар, тұтас драматургияны бөліп қарастыру – драматургия табиғатын терең түсіну үшін жасалған жеңіл жолы болып есептеледі. Егер де, біз бір-бірімен қиысыла, қабыса орналасқан драматургияның қиын әрі шиеленіскен бөліктерін жеке-дара қарастырмай, толық тұтас дүние ретінде алып зерттейтін болсақ, алдымыздағы фильмнің ұтымды шыққан көріністеріндегі сырды аша алмаған болар едік. Осы ретте, біз, танымал кинорежиссер Александр Тарковскийдің: «Өзің жасап жүрген өнердің заңдылықтарын білмей іске кірісу – мүмкін емес дүние» [4, 21 б] деген қанатты сөзіне ерекше тоқталғымыз келеді. Бұл пікірді Л. Нехорошевтің: «Заңдылықтарды білу – оларды толықтай бағындырып, шығармашылық кеңістіктің бостандығына шығуға мүмкіндік береді» [3, 12 б] деген ойы жандандыра түседі.

Кино мен анимацияны біріктіретін басты ұқсастық – қозғалмалы картиналар жиынтығынан құралатындығында жатыр. Анимация – ғажайып әлем екенін білеміз. Ол мүмкін емес көріністі мүмкін етеді. Кейіпкерді мінез-құлқына байланысты түрлендіреді, қалағанынша өзгертеді. Уақытқа, кеңістікке бағынбайтын шетсіз әлем. Оны шектейтін бір ғана нәрсе бар, ол – экран көлемі. Ал, экраннан көрермен қиялына көшер болса, оны тоқтату мүмкін емес болар еді. Бұндай жағдай тек нағыз шедевр мультфильмдердің үлесіне тимек. Осы ғажайып өнер түрі жайында кеңестік беделді режиссер-мультипликатор Иван Иванов-Вано былайша сөз қозғайды: «Бұл өнер жалпы көрерменнің өзіне қолжетімді болды, және оның күші ол басқа тілдерге аударуды қажет етпейді, ойдан бейнеге дейінгі қысқа аралықта емін-еркін игереді және халықтар арасындағы мінсіз бітімгер болуы мүмкін. Бүгін біз мультипликацияда ауқымды, бұрын ешқашан көрмеген бейнелеу тәсілдері, техникалар мен бейнелеу құралдарының арсеналдарға иеміз. Егер суреткердің өзі басты дүниетанымға, азаматтық белсенділік пен философиялық позицияға ие болса да соның өзі жеткіліксіз болады. Заманауи мультипликация бұрыннан-ақ өнердің сауықтық формасы болудан қалған, бүгінде ол қазіргі заманның өзекті мәселелеріне жүгінеді, осы заманның саяси, әлеуметтік, рухани және этикалық сұрақтарын қозғайды. Мультипликация өнері жас суреткерлерге шексіз мүмкіндіктердің жолын ашады, бірақ ол барлық жан-дүниесінің күшін сарп етуді талап етеді» [5, 239 б].

Ал, режиссер әрі сценарист Вадим Курчевский: «Кез келген мультипликациялық фильм – бұл кинематографияның үлкен әдебиетіндегі поэзия екеніне әбден көзім жетеді» [6, 5 б] деп анимациялық кино өнерін әдебиет саласының ең көркем жанрымен тепе-тең қояды. Кино және теледидар әлеуметтанушысы Наталия Венжердің: «Мультфильмдегі уақыт пен қозғалыс – авторлардың қолөнері, ал киноаппарат пен кинопроектрмультипликациямен ұштасқан кезде дереу өзінің негізгі міндеті – шынайы өмірді суретке түсіріп, жаңғырту мүмкіндігінен айрылады» [30, 241 б] - деген пікірі мультипликация табиғатының, мүмкіндіктерінің тіптен бай екендігін аңғартады. Мультипликацияның кино өнерінен басты айырмашылығы – кейіпкерлер характері. Егер кино актер камера алдында кейіпкерінің

эмоциясын максималды түрде көрсететін болса, театрланған актерді байқаймыз. Ал, мультипликация кейіпкері гретекс пен гиперболаны талап етеді. Сонысымен, ол халықтар тіліне бағынбайды. Өйткені, бет-жүзі мен дене қозғалысының максималдануымен оңай түсіндіріледі. Сонымен қатар, мультипликацияда актер рөлін мультипликатор атқарады. Шын мәнінде, кино және анимациялық өнердің негізгі ұқсастықтары мен басты айырмашылықтарын айқындайтын, оған толыққанды дәлелдер келтіре отырып, зерттеу жүргізу көлемді ғылыми мақала жазуды талап етеді. Сол себепті біз алдымыздағы мақаламызда жалпы анимациялық өнердің драматургиясы жайында сөз қозғағанды жөн санаймыз.

Жоғарыда тізбектелген теориялық түсініктерге анық түсініктеме беру үшін әлем анимациясында ерекше орын алатын, көптеген көрермендер мен кәсіби киносыншылардың оң бағасына іліккен, 2017 жылы «Walt Disney Pictures» және «Pixar Animation Studios» компанияларының бірігуімен түсірілген «Коконның құпиясы» мультфильмін мысал ретінде алғанды жөн санаймыз.

Кез келген шығарманың ең басты өзегі – *идея* болып табылады. Идея белгілі бір шығарманың философиялық немесе психологиялық, жалпы адамзаттың болмысын ашып беретін құрал ретінде жұмыс атқарады. Мәселен, «Коконның құпиясы» мультфильмінің басты идеясы – «өзіңді табу» философиясы болып табылады. Басты кейіпкер 12 жасар Мигель Ривер өзінің сүйікті музыканты Эрнесто де ла Крус сияқты танымал музыкант болуды армандайды. Алайда, етікшілікпен айналысатын баланың әулеті музыканы ұнатпайды және оны үлкен қарғыс деп есептейді. Себебі, Мигельдің үлкен әжесінің айтуы бойынша, атасы музыка үшін отбасын тастап кеткен. Әулеттің қатты қарсылығына қарамастан, бала Мигель өзінің болмысын музыкадан көреді. Идея толықтай бір шығарманың өзегі болғандықтан, іс-әрекет, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы, драматургиялық шешімнің алып келер түйіні, барлығы-барлығы идеядан тарайды немесе кірісінше өрбиді, яғни, өзекке (идеяға) алып келеді. Талдап отырған мультфильмде негізгі өзек «өзіңді табу» философиясы болғандықтан, фильмнің бастан аяқ сюжеттік сызбасы осы өзектің негізінде өрбитінін байқаймыз. Музыкант болуды қалайтын Мигель бақилықтар әлемінде де бойындағы қалаудың сонау атадан келе жатқан қабілет екенін көреді. Фильм соңында, кішкентай өжет бала отбасын біріктіретін көпір болып, өзінің ішкі әлемін табады. Бір сөзбен айтқанда, сюжеттік сызба өзектен шықты және соңында қайта оралды.

*Тақырып* заманға және қоғамдық дүниетанымға байланысты әр түрлі кейіпке ие болуы мүмкін. Иә, заманына қарай, шығармалар тақырыбы да өзгеріске ұшырайды. XX ғасырдың 50-жылдарында психология және философия, медицина ғылымдары адамның тұлғалылығын зерттеуде алапат күш салған еді. Сондай қарқын өнерде де, соның ішінде киноматографияда айқын көрініс тапты. Оған мысал болатын кино бағыты «Француз жаңа толқыны» еді. Осыдан кейін философияда көңіл-күйді білдіретін түрлі терминдер пайда бола бастады. Бұл да өнерге әсерін тигізбей қоймады. Сол сияқты, соңғы жылдары философиялық және психологиялық ғылымның зерттеу нышанына көз жүгіртер болсақ, отбасылық құндылық, ата-баба мұрасы, гендік қабілеттер секілді тақырыптарға тоқталамыз. Заман және қоғам талабы осыған әкеліп отыр. «Коконның құпиясы» мультфильмінде де ата-баба рухына деген құрмет, өз бойындағы қабілетті ата-баба жолынан іздеу, отбасылық бірлік – береке нышаны дегендей тақырыптар қатарының болуы бекер емес.

*Дәлел (мотивировка)* – шығармадағы қозғалыс. Дәлел «образ үшін психологиялық дәлел, оқиға үшін логикалық дәлел. Ол жоқ жерде бейнеде жасанды, оқиға да жалған» болмақ. «Дәлел – драматургиядағы басты құрал, ол оның тереңдігін анықтайды»[31, 174 б].

**Дәлел (мотивировка, мотив)** – негіздемелердің жиынтығы. Яғни әр болған іс-әрекеттің белгілі бір мақсаты болғандығын көрсетеді.

**Психологиялық дәлел** – кейіпкердің әрекеті оның мінез-құлқына байланысты жүзеге асады. Нақтырақ айтқанда, эмоционалды тұрғыда қабылданған шешім.

**Логикалық дәлел** – жасалған іс-әрекеттің мақсаты нақты болады. Кейіпкердің алдында салмақты қақтығыс кезігетін болса, оның әрекеті логикалық дәлел болып табылады.

Мысалы, «Коконның құпиясы» мультфильмінінен біз бес негізгі дәлелді байқаймыз.

Бірінші мотив: Мигелдің музыкант болғысы келетіні – психологиялық дәлел. Екінші мотив – Мигельдің кенет, ойламаған жерде, бақилықтар әлеміне түсуі. Енді ол тездетіп тірілер әлеміне оралуды қалайды, ондағы мақсаты – алаңда өтіп жатқан Эрнесто де ла Крустың құрметіне ұйымдастырылып жатқан фестивальге қатысу болатын. Үшінші дәлел – өлілер әлеміндегі Эрнесто де ла Круспен кездесіп, одан бата алу. Туғандарынан бата алғаннан кейін ғана тірілер әлеміне орала алатын білген Мигель әжесінің «ешқашан қолыңа гитара алмайсың» деп қойған шартына қанағаттанбай, танымал атасына қарай жолға шығады. Төртінші мотив аталмыш мультфильмдегі логикалық дәлелді көрсетеді. Себебі, Мигель танымал Эрнесто де ла Крустың өзінің атасы емес екенін біледі, атасы ұмытылуға шақ қалған Гектор есімді өлілер әлеміндегі қаңғыбас болып шығады. Фильмде осы уақытқа дейін жасырын болып келген құпия жария болғаннан кейін Мигельдің ойы өзгеріп, әрекеті де батылырақ бола түседі. Бесінші дәлел: Мигель тірілер әлеміне келген кезде әжесі Коконның ес-түссіз, дәрменсіз жағдайда отырғанын көреді. Гекторды өлілер әлемінен мәңгілікке жоқ болып кетпеуіне осы уақытқа дейін себеп болған: Коко әжейдің үнемі әкесін ойлауы еді. Енді Коко да жан тапсырғалы отыр. Егер Мигель үлкен атасы Гекторды тездетіп тірілер әлемінде ақтап алып шықпаса, ол мәңгілікке жоқ болып кетеді. Енді, Мигельдің басты мақсаты танымал музыкант болу емес, отбасылық бірлікті сақтау еді. Ол өжет шешім қабылдап, барынша бұрынғы отбасылық түсініспеушіліктің түйінін шешеді. Бұл мультфильмді дәлел жағынан қарастырып, талдағынымызда психологиялық дәлелден логикалық дәлел әлде қайда эмоциональды екенін байқадық. Мигель сюжеттік сызбада психологиялық мотивте болғанда, көрермен үшін түрлі күлкілі әрекеттер болды, енді бар құпия есігі ашылып, өмірде шын мәнінде не маңызды екенін Мигель бала түсінген сәтте көрермен көзіне еріксіз жас алады. Бұл, әрине, әлемдегі қуатты киностудиялардың жылдар бойы қалыптастырған драматургиялық заңдылығы екенін көреміз. Дәлел – драматургияның қозғаушы күші дедік, ал дәлелді тудыратын не? Өмірдің қатаң заңдылықтары әр адамның бойындағы ерекше қабілетті ашады, шындай түседі. Сол себепті де, адам бір орында тұрып қалмасы үшін, оның өмір жолында түрлі қиындықтар мен сан қилы сынақтар кездеседі. Бұны драматургия тілімен атқанда, «конфликт» деп атар едік. Яғни конфликт – дәлелдің пайда болуына септігі мол. Конфликт – екі түрлі көз-қарастың бір-біріне сәйкес келмеуінен пайда болатын қарсылас күш. Адам саналы жаратылыс болғандықтан, бір объектіге қатысты екі түрлі пайымдаудың болуы шартты құбылыс екені белгілі. Осындай қарсылас пікірдің әрі қарай өрбітілуі жаңа, ортақ бір шешімге келуге көмектеседі. Қайткен күнде де, шиеленіс өз түйінін табуы керек. Бірақ, алдымен, «Неге? Не себепті? Бұндай мәселенің пайда болуына не түрткі болды?» деген түрлі сұрақтар қатары толассыз жүре бастайды. Содан дерттің түбі көрініп, мәселе басы ашылады. Нәтижесінде, өнер тілімен айтқанда, драматургиялық шешім алға шығады. «Коконның құпиясы» мультфильмінде бес дәлел болғандықтан, драматургиялық шиеленіс те бесеу деп қарастыруымызға әбден болады. Өйткені, дәлелді тудыратын – конфликт.

Композиция латын тілінен аударғанда «құрастыру», «қиыстыру» деген мағына береді.

*Композициясыз* мультфильмнің сюжеттік сызбасы, яғни оқиға желісі қарқынды дамымайды, көрермен үшін қызықты болмауы да мүмкін. Және де, жоғарыда айтқан идея

мен тақырып та қанық түсті болмай қалуы әбден ықтимал. «Композиция өз кезегінде көрініс пен әуеннің, сюжет формасының жиынтығы» [3, 68 б] – дейді, кинодраматург Леонид Нехорошев. Композицияға анықтама берерде әдебиет зерттеушісі Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» кітабында былай дейді: «...композиция шығарманың сыртқы түрінің симметриясы ғана емес, сонымен қатар ішкі сырының гармониясы. Өнер шығармасында бүтіндік болуы шарт. Композиция, сөз жоқ, сюжетпен тығыз байланысты: сюжет те, композиция да шығарманың мазмұнын көркем жинақтап, мазмұнды пішінге көшірудің құралы әрі тәсілі. Композициялық бүтіндік, тұтастық жоқ жерде, сюжет те жоқ. Сюжет кез-келген шығармада бола бермейді, бірақ шығарма композициялық жүйеге түсіп, бірлік табуы қажет» [8, 175-176 бб].

Композицияның өзі үш түрге бөлінеді:

- құрылымдық композиция;
- сюжеттік композиция;
- архитектоника.

*Құрылымдық композиция* – фильмнің кадр, көрініске бөлінуін айтады. Олар өзара байланысып, тұтастық құрады.

*Сюжеттік композицияның* өзі екі түрге бөлінеді: бірі – сызықты сюжет болса, екіншісі – сызықты емес сюжет.

«Әлемде түсіріліп жатқан фильмдердің 90-95 пайызы сызықты сюжет композициясының заңдылықтары бойынша түсіріледі» [9]. Себебі, сызықты сюжеттік композиция әбден зерттелген, өнер саласында мыңдаған тәжірибеден өтіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленуге толықтай кепілдік бере алатын сенімді драматургиялық жол екені белгілі. Ал, сызықты емес сюжеттік композициямен жұмыс жасау – автордың максималды шеберлігін талап етеді. Және нәтижесінің қандай көрініс беретіні белгісіз күйінде қалады. Бұл жөнінде алдыда толығырақ айтатын боламыз.

«Барлық сызықты сюжеттік композиция көрерменге әсер етудегі негізгі заңдылықтардан тұрады:

- ✓ Көрерменнің фильмге деген қызығушылығы (американдық киногерлердің айтуынша бастапқы 5-10 минут)
- ✓ Көрермен қызығушылығын ұстап тұру (шарықтау шегі, фильм барысында кездейсоқ мәселелердің пайда болуы)
- ✓ Фильм соңына дейін көрерменді психологиялық тығырықта ұстау (яғни, көрерменнің болып жатқан оқиғаға еніп кетуін қамтамасыз ету)
- ✓ Фильм соңы қанық, көрерменді бей-жай қалдырмайтындай аяқталуы тиіс»[10].

*Сызықты сюжеттік композицияның* негізгі элементтері төмендегідей:

- Сюжеттің басталуы (экспозиция)
- Сюжеттік байланыс (завязка)
- Сюжеттің дамуы
- Шарықтау шегі (кульминация)
- Шешімі
- Соңы

Енді, сызықты емес сюжеттік композиция жайында сөз қозғайық. Жоғарыда тізбектелген композиция заңдылықтары бұл композицияға мүлдем әсер етпейді. Композиция – шарықтау шегінсіз мән-мағынасынан айырылады. Дегенмен де, сызықты емес сюжеттік композиция бұл міндетке бағынбауы да мүмкін. Аты айтып тұрғандай белгілі бір заңдылыққа, нақты жолды ұстанбайтын композицияның бұл түрі – сезім иірімдерінен тұрады. «Оқиғаны ойлап табу – бір бөлек дүние, оны таңқаларлықтай жеткізу – тіптен басқа» [11] - дейді, Ю. Норштейн. Бұл пікірмен толықтай келісе отырып, шын мәнінде де, сызықты сюжетті талап етпейтін композицияның бейнесін айқын көрсете алатын Юрий Норштейннің

1976 жылы жарық көрген «Ертегілер ертегісі» мультфильміне тоқтала өтсек, айтқан теориямызға тұжырымды мысал бола алады. Мультфильмде бір-біріне қиыспайтын бірнеше оқиғаны көрсетеді:

1. Бөбегіне бесік жырын айтқан ана көрінісі;
2. Поэзиялық муза іздеген ақын;
3. Күйбең тіршілік көрінісі;
4. Соғыс жылдарындағы халық бейнесі;
5. Кішкентай баланың қиялы.

Осы көріністердің барлығы да фольклорлық кейіпкер бөлтіріктің көз-қарасымен түсірілген. Жоғарыда айтқанымыздай, мультфильмде бірінен соң бірі үзілмей жалғасатын сюжеттік өріс жоқ. Ұтымды ойластырылған композицияның арқасында аталмыш мультипликациялық фильмді өн-бойы таза, кіршіксіз өнер туындысы деп атай аламыз. Және де, бес оқиғаның бірі кульминацияға жақындап қалғанда, екінші оқиғаға бірден ауысып кетеді. Нәтижесінде, кейіпкер эмоционалды тығырыққа тіреледі. Бөлтірік бір әлемнен екіншісіне, бір кезеңнен келесіне кезектесе ауыса алуы, автордың естелігі іспетті. Ю. Норштейн өзінің өмір жолында қатты сезім қалдырған көріністермен бөлісетіндей. Бұл жөнінде режиссердің өзі: «Ертегілер ертегісі» менің жадымда сақталып қалған өмір көрінісі» [12, 17 б] - деп, ой мен сезімнің күшімен құрастырылған мультфильм екенін меңзейді. Байқағандарыңыздай, сызықты емес сюжеттік композицияның басты құралы – көрерменді барынша сезім (жағымды-жағымсыз) тұнғыығына итеру болып табылады.

*Архитектоника* – сюжеттік сызбадағы іс-әрекеттің бөліп қарастырылуы жатады. Мәселен, «Коконның құпиясы» мультфильміндегі архитеттоника: мүлтіксіз сену (Мигель бала Эрнесто де ла Крустың шын мәнінде лайықты тұлға және туған атасы екеніне сенді) – шындықты көру – өтірікке нүкте қою. Сонымен қатар, «архитектоника» түсінігі көбінесе мультипликациялық кино драматургиясы жайында қолданылып жатады. «Мультфильм неден құрылады? Мультфильм драматургиясы – күрделі түсінік. Мүмкін «құрылыс», «архитектоника» деген дұрыс болар. Себебі сөз әдебиет, музыка және бейелеу өнерінің басты компоменттері жайында болып отыр» [13, 215 б] - дейді, кинотанушы С.В. Асенин өзінің «Волшебники экрана» атты ғылыми талдау кітабында.

*Кейіпкер* – шығарманың бет-бейнесі. Идея, тақырып, композиция, мотив шығармада бейсана тұрғыда сезілетін болса, кейіпкер айдан анық көрініп тұрады. Оның түр-әлпеті, қылықтары, мінез-құлқы, қабылдаған шешімі драматургияға тікелей әсер етеді. Кейіпкер мәселесі жеке қарастыруды талап ететіндіктен, келесі бөлімге қалдырайық.

Адам өнерді көзбен көреді, әлеуметтік және мәдени көз-қарас көмегімен оның ойын түсінеді. Адамзат бір аспан астында өмір сүріп жатса да, қоғамдық көз-қарас, дүниетаным, наным-сенім, тіл мен діл әр түрлі болғандықтан, өнердегі драматургия да түрлі формада көрініс табуы мүмкін. Жоғарыда айтқанымыздай, адамның өмір сүріп жатқан кеңістігі өзі құрған мәдениетке тікелей әсер етеді. Бұл – менталитет. Діл – драматургияның түрленуіне ықпал ететін негізгі факторлардың бірі.

In this article we can say that in the modern world graphic design is gaining popularity. Any project of a graphic designer is designed to solve a communicative problem. By transforming all information into graphic signs and images and constructing the language of visual communication, the designer turns into a visual Communicator. From year to year graphic design develops its specific means of expression on a par with other spheres of visual creativity.

Graphic design in the 21st century is closely interrelated with information design. One of the main attributes of the 21st century is information design. The use of information design as a means of information transmission is one of the ways to attract the attention of the audience to the information that would be ignored in the form of ordinary text.

Exhibition design is also one of the types of graphic art. Exhibition design includes the development of functional and aesthetic qualities of the exhibition stand, which ensure the

formation of the necessary image of the Exhibitor company in terms of perception of the exhibition audience. The task of the exhibition stand, with the right approach, will be effectively performed. The advertising stand should be made so that it becomes unique and can attract as many viewers as possible.

**Keywords:** Design, style, graphic design, exhibition stand, exhibition design.

Дизайн - является одним из видов творческой деятельности. Дизайнер объединяет в себе несколько видов творческой деятельности.

Стиль—представляет собой совокупность элементов выдержанных в одном стилевом направлении. В дизайне «стиль» показывает почерк каждого дизайнера.

Одной из главных задач графического дизайнера является передача определенной информации. В 1969 году молодой дизайнер Питер Маркс по просьбе стратегов кампании по перевыборам Джона Линдси разработал психоделический плакат, который привлек бы голоса только что получивших избирательные права беби-бумеров.

Анализируя стили различных веков, эксперты вывели концепцию систематизации работ в живописи, скульптуре, архитектуре, моде, но уделяли мало времени графическому дизайну, но все же продукты рекламы ничем не хуже иллюстраций и карикатуры того периода.

Современные графические дизайнеры имеют возможность исследовать все стили чтобы найти свой стиль, в основном делая уклон к ретро стилю, таким образом делая взаимосвязь с прошлым веком и этот вариант в основном становится выигрышным[1].

Графический дизайн в 21 веке тесно взаимосвязан с информационным дизайном. Одним из главных атрибутов 21 века является информационный дизайн.

Использование информационного дизайна как средство передачи информации является одним из способов привлечения внимания аудитории к информации, которая в виде обыкновенного текста оставалась бы без внимания.

В современном мире графический дизайн стал явлением информационным чем декоративным. [2].

В 21 веке графический дизайн стал одним из самостоятельных областей художественного проектирования. Графический дизайн стал совмещать художественный результат с функциональной направленностью. Графический дизайн играет важную роль при разработке упаковки, рекламы и графических знаков.

В современном мире графический дизайн приобретает большую популярность. Любой проект графического дизайнера предназначен для решения коммуникативной задачи. Преобразовывая всю информацию в графические знаки и образы и конструируя при этом язык визуального общения, дизайнер превращается в визуального коммуникатора.

Из года в год графический дизайн развивает свои специфические средства выражения наравне с другими сферами визуального творчества.

Экспозиционный дизайн тоже является одним из видов графического искусства.

Экспозиционные выставки проводятся для демонстрации достижений в областях общественной деятельности. Экспозиционный дизайн играет важную роль в политическом и культурном воспитании общества. Они обладают разными средствами информации тем самым привлекают аудиторию. В экспозиционном дизайне применяются практически все виды искусства. Известным выставочным сооружением является Хрустальный дворец в

Лондоне. Первая всемирная экспозиционная выставка прошла в Лондоне в 1891 году где каждая страна продемонстрировала свои достижения в области архитектуры, науки и техники [3].

Проектная графика играет важную роль в проектировании. Целью проектной графики является более точное изображение проектируемого оформления в пространственной среде. Графическая разработка раскрывает творческий замысел дизайнера. Важно чтобы художественное решение не менялось яркими цветовыми и графическими эффектами, а графика не мешала восприятию цвета. Особенность современной проектной графики это одновременное применение графики и объемного макетирования. Приемы современной графической подачи проектной идеи необычайно многообразны. Сейчас очень много методов графической подачи, более популярны методы это аппликация, фотомонтаж, объемная графика. Современная живопись и архитектурная графика играют важную роль в формировании современной проектной графики.

Художники-оформители для определения конкретного изображения применяют особый вид рисунка, наброски, схемы.

**Проектная графика** делится на: ортогональные, перспективные и аксонометрические проекции. Каждый из них имеет определенное значение. Графический прием выбирают ориентируясь на содержание, масштаб и вид проекта. Композиционное решение строится на содержании чертежа проекта. **Метод изображения совмещенных проекций.** Благодаря этому методу мы можем объединить ортогональные проекции с пространством и на чертеже объединить с изображением окружающей среды.

**Макетирование.** Этим методом пользуются на всех этапах разработки художественного оформления. Макет показывает конструктивную сущность проекта, архитектурную систему и принцип графического решения [4].

Экспозиция является одним из основных видов оформительского искусства. Художественное оформление изображает определенную идею и отображает тематическое направление.

Уже на ранней стадии развития цивилизации способы и формы изменения среды получили два основных направления. Первое-временное изменение привычного окружения. И второе-создание новых, постоянных сооружений с резко отличной от окружения средой, независимой от внешних условий. Первое направление со временем эволюционировало в искусство художественного оформления, а второе стало основной частью архитектуры и декоративного искусства.

Великая октябрьская социалистическая революция сильно изменила художественные подходы к оформлению среды. Основной задачей революционного искусства ликвидация неграмотности среди простого народа.

Массовое агитационно-оформительское искусство играет важную роль в идеологическом воспитании простых рабочих.

Выставочное-оформительское искусство позволяет осуществлять по низкой стоимости эксперименты на проверке новых решений, способах передачи идей художника, художественных стилях. Благодаря выставочному-оформительскому искусству возрастает роль художника оформителя, который должен хорошо владеть основными законами экспозиции.

Оформительское искусство объединяясь с архитектурным и природным окружением дополняя друг друга вносят в окружающую среду новые неожиданные черты [5].

Мировые выставки выделяются многообразием темы и экспонатов. Для привлечения аудитории на выставках используются различные экспонаты в виде цветов, искусственных материалов, статуй и так далее.

В 21 веке выставки для рекламы различных товаров и новых технологий проводятся практически каждый месяц. Сейчас дизайн выставок доведен до автоматизма, любая конструкция собирается за несколько дней или даже часов. Лаконические конструкции, большое обилие технической информации, отсутствие различных развлекательных образовательных элементов и самой концепции построения экспозиции привели к тому что выставки стали интересны в основном специалистам, чем простым посетителям.

В Казахстане ежегодно проводятся десятки выставок. В Астане построены профессионально оборудованные выставочные площадки. Крупнейшие из них: «Астана ЭКСПО-2017», выставочный комплекс «Корме», галерея современного искусства и так далее. К сожалению сейчас дизайн-проекты представляемые экспонентами не имеют никакой художественной и композиционной ценности. Также возникают большие проблемы с определением типа выставочного пространства, схемы решения экспозиционного пространства, планировочной схемы, зонирования пространства.

Использование различных приемов в оформлении экспозиционных стендов, в соответствии с разработанными в дипломной работе принципами организации экспозиционного стенда, способствует созданию неповторимого стиля подачи экспозиционного стенда в моем дипломном проекте.

Мир уже устал от устаревших форм и желает увидеть что то оригинальное и специфическое. В цветовом отношении лучше всего принимаются родственные или контрастные цвета.

Арт-дизайн является основным инструментом по воплощению идей дизайнера в экспозиционный стенд. А также экспозиционный стенд является результатом творческих идей дизайнера.

Стенд – является ключевым объектом на выставке. Любой предъявляемый товар или услуга на выставке должны быть представлены оригинально и ярко. В этом случае лучший вариант это выставочный стенд. Правильно спроектированный и оформленный, он представит объект аудитории в самом выгодном свете. Заинтересовать и привлечь – вот их главная задача. Кроме того, стенд влияет на восприятие объекта, в чем-то создаёт имидж, репутацию и образ, что очень важно в современных условиях рыночной конкуренции.

Выставочный дизайн включает в себя разработку функциональных и эстетических качеств выставочного стенда, которые обеспечивают формирование необходимого образа компании-экспонента с точки зрения восприятия аудитории выставки.

Спроектированные стенды по конфигурации эксклюзивные.

Задача эффективного экспозиционного стенда состоит в привлечении конкретной целевой группы посетителей.

Задача выставочного стенда, при правильном подходе, будет эффективно выполнена. Рекламный стенд должен быть сделан так, чтобы он стал уникальным и смог привлечь к себе как можно больше зрителей.

### **Использованная литература:**

1. Стивен Хеллер и Сеймур Чваст «Эволюция графических стилей». М.: Студия Артемия Лебедева 2016.12-14 стр.
2. Стивен Хеллер и Сеймур Чваст «Эволюция графических стилей». М.: Студия Артемия Лебедева 2016.289-291 стр.
3. В.И. Ревякин «Выставки ( архитектура и экспозиция)».М.: Стройиздат, 1975.3 стр.
4. Литвинов, В.В. «Практика современной экспозиции». М.: Плакат, 1989. 170-176 стр.
5. Литвинов, В.В. «Практика современной экспозиции». М.: Плакат, 1989. 5-6 стр.

**ӘОЖ 378.02:37.016**  
**МРНТИ 14.35.09**

*Б.Манасов*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Әнер, мәдениет және спорт институтының «Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, ҚР СО мүшесі. Алматы, Қазақстан.  
e-mail: manasov\_ba@mail.ru*

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада ЖОО студенттердің көркемөнер пәндерін меңгеру барысында туындайтын шығармашылық үрдістерді ұйымдастыру жолдары мен оқыту әдістерінің өзекті мәселелері қарастырылады. Қазіргі уақытта студенттерді көркем өнер пәндерін оқытуда көркем шығармашылық белсенділікке тарту мәселесі өзекті.

Мақалада автор көркем өнердің кейбір өзекті мәселелерін сөз еткен. Солардың бірі көркем өнердің шығармашылық іс әрекеттердегі көрінісін, мағынасын, маңызын, сонымен қатар оның пәнаралық байланысын, атқаратын қызметін, өзіндік ерекшелігін анықтап көрсеткен.

Автор шығармашылықтың дамуы мен қалыптасуы мәселесін қарастыра келе, оның мағынасын, мәнін, ұғымын терең ашып, Орта ғасырлардағы әйгілі ойшылдар мен философтардың ой тұжырымдарына терең талдау жасаған. Жалпы автор психология, философия, педагогика, мәдениеттану, өнертану ғылым салаларында шығармашылық ұғымының мәнін, маңызын, өзіндік тілін, проблемаларын анықтап көрсете алған.

Сонымен қатар автор жоғары оқу орнында көркем өнер циклдық пәндерін оқытуда шығармашылық үрдістің маңызын, көркем шығармашылық іс әрекеттерде студенттерге сапалы да, тиімді білім мен тәрбие бере отырып, шығармашылыққа баулу, тиімді жолдарын мен әдіс тәсілдерін үйрету, олардың жолдарын нұсқап, тиімді ұйымдастыру т.б.с.с.

**Түйін сөздер:** шығармашылық, өнер, көркем, білім, тәрбие, өнертану, пәнаралық, әдістер, тәсілдер, эстетика, образ

*Аннотация*

*Манасов Б.*

### **ПУТИ И МЕТОДЫ ОРГАНИЗАЦИИ ХУДОЖЕСТВЕННО ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ**

*Старший преподаватель кафедры «Дизайна» Института искусств, культуры и спорта  
Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.*

*E-mail: manasov\_ba@mail.ru*

*Аннотация*

В данной статье рассматриваются вопросы активизации студентов к творческой деятельности при изучении художественных дисциплин. В настоящее время проблема активизации студентов к творческой деятельности при изучении художественных дисциплин очень актуальна.

Автор упомянул некоторые актуальные вопросы искусства. Один из них определил художественное значение и организация творческого процесса при изучении дисциплины по художественному образованию с точки зрения междисциплинарного общения, его функции и идентичности.

Рассмотрев вопрос о развитии и становлении творчество, автор, глубоко проанализировав известные труды и мысли выдающихся философов средневековья, приходит к выводу, что творчество само по себе процесс без грани, оно несет в себе художественно-эстетическую потребность, а смысл и значения его многогранно. Также автор рассматривает сущность, художественно-образный язык творчество и актуальные проблемы творческого самовыражения в областях психологии, философии, педагогики, культурологии, искусствоведения.

Автор отмечает важность творческого процесса в методике преподавании предметов художественно-эстетического цикла, а также обеспечению эффективному обучению и воспитанию искусству в вузе, обучению студентов художественно- творческому процессу при изучении к циклам художественных дисциплин вузе, обеспечению качественному, эффективному методу обучения учебных дисциплин, эстетическому воспитанию, творчеству и.т.п.

**Ключевые слова:** творчество, искусство, художественное, образование, воспитание, искусствоведение, межпредметная, методы, приемы, эстетика, образ

*Abstract*

### **PATH AND METHOD ORGANIZATION OF THE INTERNATIONAL STUDENTS**

*Manasov B.*

Senior Lecturer in design at the Institute of Arts, Culture and Sport of the Kazakh National Teachers' University, Abaya, Almaty, Kazakhstan. E-mail: [manasov\\_ba@mail.ru](mailto:manasov_ba@mail.ru)

This article discusses the activation of students to creative activities in the study of artistic disciplines. At present, the problem of intensification of students to creative activities in the study of artistic disciplines is very relevant.

The author mentioned some topical art issues. One of them defined the artistic significance and organization of the creative process when studying the discipline of art education in terms of interdisciplinary communication, its function and identity.

Having considered the question of development and development of creativity, the author, having deeply analyzed the well-known works and thoughts of the outstanding philosophers of the Middle Ages, comes to the conclusion that creativity itself is a process without a facet, it carries an artistic and aesthetic need, and its meaning and meaning is multifaceted. The author also examines the essence, artistic-shaped language of creativity and topical problems of creative expression in the fields of psychology, philosophy, pedagogy, cultural studies, art studies.

The author notes the importance of the creative process in the method of teaching subjects of the artistic and aesthetic cycle, as well as ensuring effective education and education of art at the university, teaching students the artistic and creative process at the time studying the cycles of artistic disciplines of the university, providing a high-quality, effective method of teaching educational disciplines, aesthetic education, creativity.

**Key words:** creativity, art, art, education, education, art, inter-subject, methods, techniques, aesthetics, image

## Кіріспе

Қазіргі кезде көркем білім мен тәрбие берудің мазмұнын жаңғыртуда көптеген жұмыстар атқарылып жатқаны баршамызға мәлім. Қоғамымызда «Қазақстан Республикасының 2015 жылдарға білімді дамыту» бағдарламасына сәйкес жастарға гуманистік, әлеуметтік, рухани-мәдени бағалылық қасиеттерді қалыптастыруға [1] баса назар аударып отырғанда, жаңаша көркем-педагогикалық білім беру мен барынша модернизациялау – мектептегі көкейкесті мәселердің бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жастардың бойында адамгершілік қасиеттердің: ұлттық мақтаныш, отан сүйгіштік сезім, адамдарға гумандық қарым-қатынас, ұлттық үрдістегі өзіндік мәдениетін сыйлауды, адамгершілік мінез-құлықтың қалыптасуын талап етеді. Бұл болашақ жас ұрпақта шығармашылықты қалыптастырудың жаңа тәсілінің дәріптелуін, бейнелеу өнерінен көркем білім берудің заман талабына сай жаңа мақсаттарын жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінуін, белгілі бір деңгейге жетуін қарастыру керектігін айтады.

Көркем шығармашылық қызмет - ол тек студенттердің көркем материалдармен жұмысы ғана емес, сонымен қатар ол өзінің авторлық кешенді жұмыстарын атқару болып табылады.

Көркем шығармашылық қабілеттердің даму негізі болып-эстетикалық көркемдік қабылдаулар жатады. Ал, бүгінгі күнде студенттердің көркем шығарманы қабылдауы төмен. Себебі, студенттер көркем пәндердің мазмұндық, құрылымдық сипатына үңіліп қарап, тереңірек түсінбейді.

Бұл мәселені шешуде жалпы көркем пәндер бойынша өз бетінше мазмұнды жобалауға икемді болуын, яғни педагогикалық технология талаптарына үндес болуын қажет етеді. Былайша айтқанда, көркем білім беруді ізгілендіру, ондағы оқыту әдістерін жетілдіруді, әсіресе, өз пәніміздің негізінде дамыта оқыту, проблемалы оқыту әдістері мен тәсілдерінің тиімді, жүйелі пайдалануын талап етеді.

Қазіргі оқу процесіне талаптардың өсуіне байланысты және үйлесімді шығармашыл болашақ маманның дамуына бағытталған жалпы көркем білім беру пәндері жүйесіндегі рөлі арта түсуде.

Энциклопедист Д. Дидроның: «Оқуды және санауды үйреткендей, сурет салуды да оқытатын ел ғылымда, өнерде, шеберлік пен қол өнерінде барлық елді басып озып кетер еді» деген сөзі өте маңызды, себебі көркем өнер шығармашылықпен ойлай білу мен өнімділікті дамытудың негізі пәні болып табылады. Тұтастай алғанда ешқандай ғылыми жаңалықтар да, қоғамдық прогресс те оларсыз толыққанды интеллектуалдық және психикалық тұрғыда болашақ маманды дамытуы мүмкін емес.

Көркем өнердің басты мазмұны көркем шығармашылық ізденіс және студенттерге өзінің ішкі дүниесін білдіруге мүмкіндік беру тиіс. Қатаң ереженің, белгілі бір сызбалар мен шаблондардың болмауы жастардың жеке дамуына қажетті жағдай жасайды.

Ал, шығармашылық іс-әрекет адамға ықпал етіп, білімділікке, біліктілікке, іскерлікке жетектейді, оған ұмтылыс пен құлшыныс туғызады. Сондықтанда шығармашылық іс-әрекетке жүктелетін осындай күрделі міндеттің бір бұтағы эстетикалық жолмен қабылдау және оны сезіну болып табылады.

Жалпы адамға бір затты қабылдату барысында тіл - зор рөл атқарады. Осыған байланысты адам затты сөзбен түсіндіріп, сезім арқылы бейнелейді дей отырып орыс ғалымы Д.Н.Ушаков тұсындағы түсіндірмелі сөздікті қарасақ, бұл сөздің төрт түрлі мәнін ашып көрсетуге тырысқан. «Ол «көркем өнер» іс-әрекеттің шығармашылықпен жасалған көркем түрі десе, екіншіде, көркемдік іс-әрекеттің шығармашылықпен істелген тармағы дейді. Үшіншісінде, әлде қандай бір практикалық шеберлік істің әдісі мен тәсілінің жүйесі деген сияқты ұғым ұсынылыпты. Төртінші бір түсінікте қолдан келушілікпен шапшаңдық және істі өте бір нәзіктілікпен орындаушылықты көрсетеді» [2, 2036]- деп қарастырған. Осы бір айтылған сөздерге қарасақ көркем өнер адам баласының өмір сүруіне, көркем қиялының дамуына, жалпы адамзаттық мәні бар және барлық адамға керекті іс-әрекет, қызмет екендігі аян. Көркем өнердегі шығармашылық іс-әрекет барлық адамның жасы мен қызметіне қарамастан бірдей әсер етеді. Көркем шығармашылық жұмыс – әдебиетке болсын, музыкаға байланысты ма әйтеуір белгілі бір образдық түрде орындалған бейненің өзгертіліп, өңделіліп берілген өмір шындығының бейнесі. Өнердегі шығармашылықтың әсер етуін қарастырсақ, біреулер тікелей санаға, басқа біреулер адамның материалдық мұқтаждығын өтей отырып, оның ойы мен сезіміне әсер етеді дейді. Алып қарағанда шығармашылық жұмыс шындықтың өнер арқылы көрінуі сияқты. Себебі, адам баласы айналасындағы қоршаған әлемді, дүниедегі әдемілікті меңгеруге керекті ең тиімді, бояуы қанық, мазмұны анық, тұнықтықпен тұтастықтың көрнісі. Ал адамның шығармашылыққа деген қатынасы оны қабылдауынан көрінеді. Ол оның бар ісінде, айналы қабылдауында байқалады. Жастардың көркем шығармашылық іс-әрекетіндегі бейненің суретін өмір шындығында көркемдікті қабылдаудағы оның ерекшелігі десе, оны шығармашылық іс-әрекетін мазмұны деуге болады. Өйткені ол санаға да, сезімге де әсер етерлік көркем образдың тұтастығының нақты көрінісі. Бұл көркем шығармашылық жұмыстың өзіндік ықпал етудің құралы, сол арқылы ол адамның қиялына, ойына, сезінуіне әсер етіп, оны қабылдауға ықпал етеді.

Ал, шығармашылық болса ол – бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, бір сөзбен айтқанда, тіршіліктің көзі. Қоғам құбылыстарында, жеке адамның, ақыл-санасында, іс-әрекетінде, ішкі жан дүниесінде шығармашылықтың табиғи үрдістері үздіксіз жүріп, белгілі бір жүйемен дамиды. Ішкі шығармашылық үрдістерін табиғат өзі басқарады. Ал сыртқы факторды басқару, реттеу жеке адамның ой-санасына, айналысатын ісіне байланысты.

Шығармашылық іс-әрекет ғылыми, өндірістік-техникалық, көркем, саяси және тағы басқа жаңаша жасалып, ашылып, ойлап шығаратын әр салада қызмет етеді. Ал, шығармашылық іс-әрекетті бірнеше тұрғыдан қарастыруға болады: психологиялық, философиялық және педагогикалық.

Адамзат тарихында шығармашылыққа деген қызығушылық жуырда ғана арнайы зерттеулерге қосылды, бірақ шығармашылықты түсінудің алғы шарттары біздің дәуірімізге дейін бір мыңжылдықта белгіленді. Содан кейінгі дәуірлерде белгіленген мәселелер нақты рәсімдеулер мен анықтамаларға ие болды, лайықты терминологиялық және методологиялық аппараттар жетілдірілді. Шығармашылыққа қатысты сұрақтар жиынтығы және оны түсіну ұстанымдары екі жарым мың жыл ішінде көптеген философиялық, ғылыми, діни тұжырымдамаларға әсер етекен, бірталай өзгерістерге ұшырады. Өзгерістер шығармашылықты

түсінуде ғана емес, сонымен қатар оған мәдени және жеке құндылық ретінде қараудағы аксиологиялық қатынасына да әсер етті. Бірақ шығармашылықтың келелі мәселелерінің негізгі жиынтығы ХІХ ғасырдың аяғына дейін өзгермеді, оның нақты ғылыми тұрғыдан зерттеле бастауы және шығармашылық, оның ұстанымдары мен танып білу әдістері жайлы сұрақтар жиынтығы кеңейе түсті. Шығармашылықты түсінудегі негізгі амалдарына қысқаша тоқталып өтейік.

Орта ғасыр философиясында шығармашылық ұғымы, құдайдың тұлға ретінде, әлемді еркін жаратушы түсінігімен байланысты болады. ХІV ғасыр ойшылдары шығармашылық қабілеттілік, дарындылық тек өнер адамдарында ғана байқалады деп есептеген. Аристотель көркем өнер туындысының интеллектуал-дық іс-әрекетпен байланысты екендігінде айтады. Грек философтары шығармашылықты құдайдың құдіретінен дей келе, оны дамытуда білім мен тәрбие берудің маңызын жоққа шығармайды.

Шығармашылық болмыстың жоқтығынан болмыс шығарушы, жігерлі акт ретінде беріледі. Августин адамдық тұлғада да, жігердің маңызын айрықша баса айтады. Құдай мен адамды байланыстырып отырған ақыл ғана емес, сондай-ақ ерік және сенімнің жігерлі актісі, жеке әрекет мағынасына ие болып, дара шешім құдайдың әлемді жаратылысына үлес қосуының формасы; бұл шығармашылықты бірегей және қайталанбас ретінде түсінуге болжайды. Алайда, шығармашылық өрісінде тарихи, өнегелілік-діни әрекет саласы ерекше орны алып, ал көркем және ғылыми шығармашылық керісінше екінші орынға шығады.

Адамның шексіз шығармашылық мүмкіндіктерінің ұлғая түсуі қайта өркендеу дәуірінде болды. Шығармашылық енді ең алдымен көркем шығармашылық ретінде түсіндіріледі. Оның маңызы шығармашылық пайымдау деп есептелді. Шығармашылық бастауының алып жүрушілері ретінде данышпандарға табыну, шығармашылық актінің өзіне және суретші тұлғасына қызығу пайда болады. Енді тарихты таза адамдық шығармашылық өнім сияқты тану тенденциясы шықты. Италияндық философ Дж.Вико адамды философияда тіл, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, өнерді жаратушы ретінде таныды, демек, негізінде ол тарихтың жаратушысы - деген екен.

Ағылшындық философтар шығармашылықты сәтті, бірақ көп жағдайда бар элементтерден пайда болған кездейсоқ әрекет деп түсіндірді (Ф.Бэконның таным теориясы және әсіресе Гоббс, Дж.Локк, Д.Юм шығармашылығы); Шығармашылық ойлап шығарушылықпен қатар қойылды. Шығармашылық-тың нақты аяқталған тұжырымдамасы ХVІІІ ғасырда И.Қантпен құрылады. Ол өнімді елестету қабілеттілігі туралы оқуда шығармашылық әрекетті арнайы талдады. Елестету қабілеттілігі көп түрлі сезімдік әсер мен ақыл ұғымдарының бірлігі арасындағы байланыс ретінде беріледі, өйткені ол бірауақытта әсер көрнекілікпен және ұғымның синтездік күшіне ие. Сөйтіп «Трансценденталдық» (логикалық ойлаудан, тәжірибеден тыс идеалистік философиядағы ағым) елестету жалпы пайымдау мен әрекеттің негізі ретінде беріледі, сондықтан шығармашылық іс-әрекет танымның негізі болып табылады деп санады.

Біз ең бірінші адам дүниені қалай таниды деген мәселеге келсек, ол – ең әуелі философиялық проблеманың бірі болып саналады. Одан кейін әр еңбек процесі кезінде адамдар сыртқы дүниеден алған мәліметтерді шығармашылықпен өңдеу, заттардың сырын терең түсіну, олардың ішкі қасиетін, заңдылықтарын білу қабілеті қалыптасады. Философия ғылымын қабылдау сипатының толық айқындалуы үшін одан басқа да факторлардың қатысатынын айта келіп, ол факторларда ең алдымен адамның мүдесі мен мақсаты және оның бұғанға дейінгі тәжірибесінің, және мамандығы мен білім дәрежесінің қатысты болатындығын сөз етеді. Жалпы алғанда түсіндіру және қабылдау сөздің мағынасын айқындауға керекті сөз қолдануда философтар әртүрлі көзқараста болғанымен қабылдау дегеніміз не дегенге жауап ретінде бәрі де «Қабылдау дегеніміз – сезім мүшелеріне тікелей әсер ететін сыртқы материалдық заттың тұтас бейнесі» [3,117б] - деген қағиданы ұсынады.

Ал психологтар шығармашылықты қабылдау дегенді «айналадағы ортаның заттары мен құбылыстары адамның сезім органдарына тікелей әсер еткенде, адамның сол заттар мен құбылыстарды өзінің сезімімен бейнелеу процесі» [4,142б]-деп түсіндіреді.

## Қорытынды

Көркем өнер тілі – суретшінің шығарманы бейнелеп көрсетуі мен көрерменнің сол шығарманың мазмұнын қабылдауы болып табылады.

Шығарманың тілі жай ғана бейнелеу құралымен орындалған жұмыс емес, сол құралдарды пайдалану арқылы бейнеленген затқа берілген образ және соған байланысты жағылған бояу түсі, әдісі, құрылысы, жүйесі шығарманың көркем құрылысы болып табылатындығында.

Көркем өнерде мақсатсыз, мағынасыз, ойсыз орындалған жұмыстардың мәнін ұғыну мүмкін емес. Көркем шығарманы жазуда, оны түйсінуде суретшінің алдына қойған мақсаты, айналаға, өмірге деген көзқарасы, қиялы, қызығушылығы шығармашылық қабілеттілікке аса қажет деп есептейді. Сондықтан да жалпы оқыту бағдарламаларында, өнер шығармаларына деген қабілеттілікті қалыптастыру тиімді қарастырылып, шешілуі тиіс.

Тұлға бойында өзіндік шығармашылық біліктілігін қалыптастыру - күрделі үрдіс. Атақты педагог чех ғалымы Я.А. Коменскидің «Ұлы дидактика» деген трактатында: «Қай баланың қалай болып туылатыны бөгде адамдардың бірде-бірінің ықтиярында емес, бірақ дұрыс тәрбие арқылы оларды жақсы адам ету біздің билігімізде» [5,536] - деп, жеткіншектердің біліктілігін жетілдіру жұмысын арнайы басқарып отыруды және көркем өнерін оқыту әдістемесінің қажеттігі туралы айтқан болатын.

Бұл қағиданы кейіннен ағылшын педагогы, философ Дж. Локк өзінің «Тәрбие туралы ой толғау» деген кітабында жазған, француз философы-энциклопедист Ж.Ж.Руссо өзінің «Эмиль» атты кітабында айналы қоршаған өмір тіршілігін тану үшін, натурадан қарап сурет салдырту арқылы ғана жеткіншек-тердің сезім мүшелерін ояту керектігін айтады[6,476], осы ойды А.Ф. Дистервег [7,576], И.Г. Песталоцкий [8,376] т.б. ғалымдардың идеяларынан аңғаруға болады.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – 2003. – 26 желтоқсан.
2. Энциклопедической словарь нового художника. – М.: Педагогика, 1983. – 293 с.
3. Философия: Дидактикалық және тарихи материализм // Аудар.: Ш.Жұмабаев, Ш.Маханбетқалиев, Ғ.Егепбердиев. – Алматы: Қазақстан, 1972. – 381 б.
4. Якобсон П.М. Психология художественного творчества. – М.: Знание, 1971. – 48 с.
5. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. – М.: Учпедгиз, 1955. – 313 с.
6. Ростовцев Н.Н. История методов обучения рисованию. Зарубежная школа рисунка. – М.: Просвещение, 1981. – 240 с.
7. Дистервег А. Руководство к образованию немецких учителей: Избранные педагогические сочинения. – М.: Учпедгиз, 1956.
8. Песталоцкий И.Г. Избранные педагогические произведения в 3-х томах. – М.: Изд. АПН РСФСР, 1961. – 119 с.

ӘОЖ 378.02:37.016

МРНТИ 14.35.09

<sup>1</sup>Г.К.Асқарова, <sup>2</sup>А.П.Оралбаева

<sup>1</sup>Педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Сорбонна- қазақстан институты

Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Қызылорда облысы Шиелі ауданы №153 Ш. Есенов атындағы  
мектеп-лицейінің тренері  
Қызылорда, Қазақстан

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДЕ

## МӘДЕНИАРАЛЫҚ - ҚАТЫСЫМДЫҚ АМАЛДЫ ҚОЛДАНУ

### *Аңдатпа*

Жаһандану мен ғылыми-техникалық даму қарқыны әлемдік жоғары білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер мен жаңаша мүмкіндіктер ашып отыр. Жаңа ғасыр білімді де, білікті, бәсекеге қабілетті, көптілді, көпмәдениетті тұлғалар ғасыры болмақ. Білім беру саласында түбегейлі өзгерістер енгізілуде.

Осы қажеттіліктен туындайтын әлеуметтік тапсырысты қамтамасыз ететін бірден-бір құрал – шетел тілі оқулығы. Оқулық оқу үрдісінің стратегиясы мен тактикасы, ол оқытушы мен студенттің қолындағы ажырамас қаруы болып табылады.

Мақалада мәдениаралық-қатысымдық тұжырымы шетел тілдерін оқыту әдістемесінің негізгі категориялар тұрғысынан қарастырылады.

*Түйін сөздер:* оқулық, шеттілдік білім беру, мәдениаралық-қатысымдық амал, оқу-әдістемелік құрал, когнитивті-лингвомәдени кешендер.

<sup>1</sup>Г.К.Аскарова, <sup>2</sup>А.П.Оралбаева

<sup>1</sup>Кандидат педагогических наук, казпну имени Абая

Институт сорбонна- казахстан

Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Тренер школы-лицей №153 имени Ш. Есенова

Шиелинского района Кызылординской области

Кызылорда, Казахстан

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНО-КОММУНИКАТИВНОГО ПОДХОДА В СОВРЕМЕННОМ ИНОЯЗЫЧНОМ ОБРАЗОВАНИИ

### *Аннотация*

В условиях глобализации и научно-технического развития система высшего образования ставит новые задачи и открывает новые возможности. Новый век станет веком образованных, квалифицированных, конкурентоспособных, полиязычных, поликультурных людей. Внедряются кардинальные изменения в сфере образования.

Средством обеспечивающим этот социальный заказ является учебник иностранного языка. Учебник - это стратегия и тактика учебного процесса и является неотъемлемым орудием в руках преподавателя и студента.

В статье межкультурно-коммуникативный подход рассматривается с точки зрения основных категории методики иноязычного образования.

**Ключевые слова:** учебник, иноязычное образование, межкультурно-коммуникативный подход, учебно-методический комплекс, когнитивно-лингвокультурологические комплексы.

<sup>1</sup>G.K.Askarova, <sup>2</sup>A.P.Oralbayeva

Candidate of Pedagogical Sciences, KazNPU Abai, Institut Sorbonne - Kazakhstan

Almaty, Kazakhstan

Trainer of school-lyceum № 153 named after S. Esenov

Kyzylorda, Kazakhstan

## APPLICATION OF INTERCULTURAL-COMMUNICATIVE APPROACH IN MODERN FOREIGN LANGUAGE EDUCATION

### *Abstract*

In the context of globalization and scientific and technological development, the higher education system presents new challenges and opportunities. The New Age will be an age of educated, skilled, competitive, multilingual, multicultural people. Radical changes in education are being introduced.

The means of ensuring this social order is a foreign language textbook. The textbook is a strategy and tactic of the educational process and is an integral tool in the hands of the teacher and student.

The article considers the intercultural and communicative approach from the point of view of the main categories of foreign language education methodology.

**Key words:** textbook, foreign language education, intercultural-communicative approach, educational-methodical complex, cognitive-linguoculturological complexes.

Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру – барлық педагогикалық ұжымдардың бірігуін талап етеді. Тұлғаға бағытталған сабақ білімгерлердің тұлғалық ерекшеліктері ашылатын, қасиеттері қалыптасатын, мүмкіндіктері жүзеге асырылатын оқыту жағдайы. Әр білімгердің болмысы арқылы дамытушылық, шығармашылық ойлау, өз бетінше шешім қабылдау қабілетінің қалыптасуы тиіс. Осыған орай оқыту технологияларын жаңарту, педагогикалық мамандарының шығармашылық бастамасына қолдау жасау талап етілуде. Жеке тұлға қалыптастыруда жанаша оқытудың әдіс-тәсілдерін іздестіру пәндік білім аймағында игерілетін білімдерімен анықталады.

Біздің білім беру жүйемізде ұзақ жылдар қазақ орта мектептеріндегі шетел тілдері пәніне жеткілікті көңіл бөлінбей келуіне байланысты арнайы бағдарламалар, оқу әдістемелік құралдар жасалмады. Енді бүгінгі таңда тәжірибелер, зерттеулер, шетел тілінен берілетін білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңалау қажет екендігін алға қойып отыр. Соңғы жылдары жаңадан жазылған оқулықтар мен оқу құралдары коммуникативтік негізде жасалып, көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді.

Шетел тілін оқытуда қарым-қатынасқа талпындыру кезеңі талпыныс, мақсат, қажеттіліктің өзара бірігуі арқылы іске асады. Талпыныс, мақсат, қажеттілік біріге келе сөйлесімнің тууына ықпал етеді. И.А. Зимняяның пайымдауы бойынша, қажеттілік пен талпыныс адамды белгілі бір іс-әрекетке итермелейді [1]. Ол оқушы шетел-тілінде сөйлей алуы үшін, сөйлеуге мәжбүр болатын жағдайға тап болуы керек екенін айтады. Сонымен шетел тілінде сөйлеу үшін талпыныстың, қызығудың маңызы өте зор, ал оның пайда болуына жағдай қажет.

Осы қажеттіліктен туындайтын бірден-бір құрал – шет тілі оқулығы. Оқулық оқу үрдісінің стратегиясы мен тактикасы, ол оқытушы мен студенттің қолындағы ажырамас қаруы болып табылады.

Оқулық мәселесіне қазақстандық, ресейлік және шетелдік ғалымдар көптеген еңбектер арнаған (И.Л. Бим, Е.И. Пассов, М.Н. Вятютнев, И.Я. Лернер, Д.Д. Зуев, М.В. Якушев, П.Г. Буга, В.П. Беспалько, Н.И. Тупальский, В.Г. Бейлинсон, А.К.Кусаинов, У.А.Асыллов, Мильруд Р.П, т.б.), алайда бұл еңбектер шетел тілдері бойынша қазіргі оқулықтардың бірыңғай ғылыми негізделген тұжырымдамасында көрініс таппаған. Сонымен қатар, 2001 жылғы халықаралық стандарттың пайда болуы шет тіліндегі оқулық мәселесіне және шетел тілін оқытуға басқаша қарауды талап етті.

Оқулық негізгі оқу құралы ретінде оқу-әдістемелік құралдың негізін құрайтын компоненттердің ең маңыздысы болып табылады. Қазіргі білім беру тұжырымдамасына сәйкес оқу-әдістемелік кешен когнитивті-лингвомәдени кешен деп аталады [2].

Оқырманға ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралдың қажеттілігі бір жағынан, шетел тілі бойынша қазіргі заманғы когнитивті-лингвомәдени кешен жасау қажеттігі – әлеуметтік тапсырысты орындаудың шарттарының бірі болып табылса, екінші жағынан, осы когнитивті-

лингвомәдени кешеннің өзегі ретінде шетел тілі оқулығының қазіргі заманғы теориясы мен тұжырымдамасының жоқтығынан байқалып тұр.

Шетел тілін игерудің халықаралық-стандартты деңгейін қалыптастыру мақсатында шетел тілі бойынша қазіргі заманғы когнитивті-лингвомәдени кешеннің тұжырымдамалық ережелерін жасау және теориялық жақтан негіздеу үшін біз оқырман қауымға қазіргі заманғы когнитивті-лингвомәдени кешеннің тұжырымдамалық ережелері негізінде жасалған және шет тілін оқытудың халықаралық-стандартты деңгейін қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік кешеннің үлгісін ұсынып отырмыз.

Шетел тілі бойынша оқу барысы басқа тілде білім берудің деңгейлік үлгісін бейнелейтін қазіргі заманғы когнитивті-лингвомәдени кешені негізінде жүзеге асыру тілдік жоғарғы оқу орындары студенттерінің мәдениаралық қатысымдық біліктілігін қалыптастыру деңгейі халықаралық-танымдық болып, оқытудың теориясы мен әдістемесінде халықаралық стандартқа сәйкес білім берудің тұжырымдамасының талаптары жүзеге асырылады.

Қазіргі заманғы шетел тілінен когнитивті-лингвомәдени кешендер бұрынғы оқу-әдістемелік кешендерден өзінің жаңа әдістемелік жүйесімен, заманауи мақсатымен, құрылымымен, талапқа сай мазмұнымен, әдіс-тәсілдерімен, халықаралық талаптарға сай бақылауымен ерекшеленеді.

Тілдік профильді мамандықтарға арналған біліктілік қатысымдық мәдениаралық біліктілік болып табылады.

Коммуникативтік-мәдениаралық біліктіліктің қалыптасуы басқа тілдің кодын меңгеру мен өзара байланыста адамның мәдениет тәжірибесін дамытуда жүзеге асырылады, сонымен қатар ол шығармашылық іс-әрекеттің тәжірибесі ретінде көрініс табады. Коммуникативтік-мәдениаралық біліктіліктің қалыптасуын білімгердің тұлғасының дамуына байланысты қарастыру қажет. Оның қабілеттері мен дайындығын, мәдениет диалогтарына қатысуын, өзара бірін-бірі құрметтеуін, мәдениет айырмашылықтарына төзімділік танытуын және мәдени кедергілерді жеңуін аталған біліктіліктен танымыз.

Мәдениаралық біліктілік басқа социомәдениеттің әлем суретін ұғынуымен байланысты, басқа лингвоэтносоциумның мағыналық нысанасын тану, қатынастағы мәдениет араларындағы айырмашылық пен ұқсастықты көру дағдысы, оларды мәдениаралық қатынас контекстінде қолдану оқушының коммуникативтік мәдениаралық біліктілік қалыптастыру үрдісі оның жалпы ой-өрісін және жалпы біліктілігін кеңейтуді талап етеді [2]. Бұл көзқарас бойынша тұлғалық даму қоры осындай оқудың айқын оқушы тұлғасының дамуы, ең кемінде екі лингвомәдениеттердің өлшемдестікте, өзінің әлем көру және әлем түсіну негізінде жүзеге асырылады, өзінің құндылығының рефлексиясы және қоғамдық өзара байланысты қабылдауды болжайды. Оқу үрдісі аутентикалық мәдениаралық қатынасқа қабілеті жетуіне бағытталған оқушылардың басқа лингвомәдениетпен қатынастың жеке тәжірибесі ретінде қаралуы керек. Осы үрдістің мазмұнын «жай әлем» деп есептесек, бұл жағдайда шетел осы әлемді бейнелейтін құрал болады. Ал осы шетелдік әлемді жақсы танып-білу үшін студенттер интенсивтік тану барысында өздерінің белсенді интеллектуалдық, креативтік қызмет атқарып, өздерінің жеке стратегияларының зерттеулері мен «жаңалықтарын» ашулары қажет.

Біздің қарастырайын деп отырған әдістемелік жүйе бүгінде әртүрлі атауға ие: «қатысымдық әдіс» [3], «қатысымдық-когнитивтік әдіс» [4], «қатысымға бағытталған әдіс» [5], «мәдениаралық-қатысымдық тұжырым» [2]. Аталған терминдердің арасынан біз «мәдениаралық-қатысымдық тұжырым» терминіне тоқталамыз, өйткені ол сипаттамасы жағынан шетел тілдерін оқытудағы қазіргі заманғы тұжырымдама болып табылады. Оны шетел тілдерін оқыту әдістемесінің негізгі категориялар тұрғысынан қарастырайық.

Оқулықтың арнайы мәселелері бар ма деген сұраққа бірыңғай пікірдің жоқтығынан оқулық теориясы авторлар санына байланысты болады. Екінші жағынан, әртүрлі

авторлардың әдістемелік жүйесіне бағынышты емес оқулықтың өзіне тән жеке сипаттамасы болуы тиіс.

**Шетел тілдерін оқытудағы қазіргі заманғы  
мәдениаралық- қатысымдық амал**

<b>Оқыту бірліктері</b>	<b>Шеттілдік білім беру әдісінің сипаттамасы</b>
<b>Мақсаты:</b>	Мәдениаралық қатысымның субъектісін қалыптастыру
<b>Мазмұны:</b>	Тілдік және сөйлесім бірліктерін функционалдық негізде таңдау, қатысымдық біліктілік қалыптастыру
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Қатысымға бағытталған интерактивті тәсілдер
<b>Құралдары:</b>	Негізгі құрал: ОӘҚ\ҚЛК Көмекші құралдар: мультимедиялық бағдарламалар (CD ROM), Интернет, ТҚ
<b>Ұстанымдар иерархиясы:</b>	-Қатысымға бағытталған ұстаным - когнитивтік ұстаным; - функционалдық ұстаным; - аутентикалық ұстаным; - социомәдени ұстаным; - жағдаяттық ұстаным\ оқытудың өмірге бағытталған ұстанымы; - оқудың жеке тұлғаға бағытталған ұстанымы; - интеграция мен дифференциация

Кестеде көрсетілгендей, мәдениаралық-қатысымдық амал бойынша, оқытудың мақсаты мәдениаралық қатысымның субъектісін қалыптастыру болып табылады. Шетел тілін оқудың қазіргі кезеңгі мақсаты – мәдениетаралық деңгейде қатынаса алатын және қатынасқа қатыса алатын білімгер тұлғасын қалыптастыру. Айтылған мақсатқа жетудің бірден-бір жолы қатысымдық біліктілікті қалыптастыру болып табылады.

Мәдениаралық-қатысымдық амал бойынша шет тілдерін оқытудың мақсаты тілдік және сөйлесім бірліктерін функционалдық негізде таңдау, қатысымдық біліктілік қалыптастыру болып табылады.

Шетел тілінде қатысым жүзеге асуы үшін тілдік бірліктер тек қана функционалдық негізде тандалып алынуы тиіс. Функционалдық дегеніміз тіл бірліктерін ауызша немесе жазбаша қатысым жасау мақсатында қолдану болып табылады.

Оқулықтағы тапсырмалар мен жаттығулар да функционалды қызмет атқарулары тиіс. Шетел тілін тіл үшін үйретпейміз, шетел тілін қатысым жасау мақсатында оқытамыз.

Студенттердің сөздерді, грамматиканы біле тұра сөйлегенде оларды пайдалана алмайды. Оның себебін оқыту тәсіліндегі кемшіліктен, сөздерді меңгертіп, оларды сөйлегенде, қалай қолдануды үйрету ісінің нашарлығынан іздеу керек. Студент тілді үйренудің басынан бастап сөздерді іс жүзінде сөйлеу барысында қолданып жаттықпағандықтан, кейін оларды есіне түсіре алмайды, сондықтан дұрыс қолдана да білмейді [6].

Функционалдық қатысым жағдайына сай материалдарды тандап алу төмендегідей ұстанымдарға сүйене отырып іске асырылады:

- материалдар оқушыларға қажетті коммуникацияға сай көлемде таңдалады;
- лексика минимумға жиі қолданылуы бойынша емес, белгілі бір жағдайда сөйлеу мақсатына қажеттілігіне қарай енгізіледі;
- лексика «Жанұя», «Дүкен», т.б. тақырыптарға ғана байланысты тар ауқымда емес, адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынас проблемаларын талқылау үшін таңдалып алынады;
- тілдік материалдар негізінен шетел тілі еліне байланысты емес, оқушының еліне, жеріне байланысты проблемалар жайлы айтуға, әңгімелеуге сай таңдалып алынғаны жөн. Тілдік құралдар жүйесі мен материалдарды тақырыптар мен грамматика төңірегінде емес, жағдай мен сөйлеу мақсатына қарай пайдаланғанда ғана коммуникативтілікке қол жеткізіледі.

Интерактивті әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалды, рухани бірігуі.

Интерактивті әдістерді пайдалану кезінде студенттер түсіну процесіне толық қанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ білімгерлер өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интерактивті оқытуда оқытушы мен білімгер өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі білімгердің белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың инициативасы үшін жағдай жасаушы болады.

Интерактивті әдістер ешқандай жағдайда да дәрістік материалдардың орнын ауыстырмайды, бірақ оны жақсы меңгеруге септігін тигізеді, және ең маңыздысы: пікірді, қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады.

Интерактивті оқыту әдістеріне білім алу және оны дамыту процесіне белсенді ат салысуға тарту жатады.

Шетел тілін оқыту әдістемесінде оқу құралдарын негізгі және қосалқы деп дәстүрлі бөледі. Негізгі оқу құралдарына – оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК), оның компоненттер жиынтығы: студентке арналған оқулық, оқытушыға арналған кітап, жұмыс дәптері, аудио және бейне материалдар.

Оқу құралдарының әрқайсысына жеке тоқталып кетейік:

Пәннің бағдарламасы – ресми құжат, оны нақты топта оқытушы жұмыста басшылыққа алу тиіс. Бағдарлама оқытушының қолындағы жол сілтеушісі ретінде пәнді оқытуда әдістемелік хабар мен нұсқау беріп отырады.

Оқытушыға арналған кітап – келесі маңызды оқу құралы. Ол оқу-әдістемелік кешенмен жұмыс ретін көрсетіп береді.

Оқулық – студенттердің шетел тілін игеруіне арналған негізгі құрал. Онда сөйлеу қызметінің барлық түрлерінің оқу материалы қамтылған.

Оқуға арналған кітап – студенттің өзбетінше шетел тілде оқылымды меңгеруіне ықпал жасап, түрлі тақырып бойынша қосымша оқу мәтіндерін жинақтайды.

Жұмыс дәптері – студенттің үйдегі дербес жұмыстарына шетел тілінің графикасы және орфографиясын меңгеруіне ықпал етеді, әрбір сабақтың тапсырмаларын орындау барысында лексикалық және грамматикалық материалды шынға арналған көмек құралы болып табылады.

Қосалқы құралдарға суреттер, заттар, ойыншықтар, кестелер, үлестіретін материалдар, тапсырмалармен суретті және суретсіз карточкалар, карталар, сызбалар, т.б. жатады.

Шетел тілін оқыту әдістемесіндегі негізгі оқу құралдарына когнитивті-лингвомәдени кешендер де жатады. Оның құрамдас компоненттері:

### **СТУДЕНТ ОҚУЛЫҒЫ;**

**СТУДЕНТТИҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ҚҰРАЛ (СУРЕТТЕР, ГРАФИКА, СХЕМАЛАР, ТАБЛИЦАЛАР, ДИАГРАММАЛАР Т.Б.); ТІЛІН ОҚЫП ЖАТҚАН ЕЛДІҢ МӘДЕНИЕТІ ЖАЙЛЫ АУТЕНТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР, МӘТІНДЕР ЖАЗЫЛҒАН DVD; ОҚУЛЫҚТЫ КӨРНЕКІЛІК ҚҰРАЛДАРМЕН ТОЛЫҚТЫРАТЫН CD; СТУДЕНТТИҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР; ТҮПНҰСҚА ҚҰРАЛДАР ЖИНАҒЫ (ҚАЛАНЫҢ КАРТАСЫ, ОТЕЛЬ ЖАРНАМАЛАРЫ, ХАБАРЛАНДЫРУЛАР Т.Б.); ИНТЕРНЕТПЕН ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН КІТАПША.**

Осы жоғарыда аталған компоненттердің ішіндегі негізгі базалық құрал студенттің оқулығы болып табылады, ол оқыту материалының негізгі көлемін қамтиды. Студент оқулығы мынадай бөліктерден тұрады: «Бөлім» (unités) оқулықтың негізгі ұйымдастырушы бөлігі бола отырып, ол кең ауқымда орналасады. Ал «Сабақ» (leçon) сол бөлімдерді құрайтын аяқталған белгілі бір қатысым жағдаяттар аясындағы бірнеше мазмұнды бөлімдерден тұрады.

Бөлімнің әрбір сабағы мынадай бөлшектерден құралады:

- Сөйлесімдегі жаңа тілдік тұлғаларды таныстыру;
- фонетикалық, грамматикалық, лексикалық жаттығулар арқылы лингвистикалық біліктілікті қалыптастыру;
- вербалды және визуалды негізінде қатысымдық іскерліктерді қалыптастыратын тапсырмалар;
- әлеуметтік мәдени, стратегиялық, прагматикалық біліктіліктерді қалыптастыру;
- творчестволық кезең: тілде қолдану;
- қатысымдық іскерліктердің қалыптасуын бақылау.

Әрбір деңгейге арналған сағат санына байланысты біз бірінші курс француз тілін оқып жүрген студенттердің оқу үрдісін үш кезеңге бөлдік:

- 1- КЕЗЕҢ – А 1 ДЕҢГЕЙІНДЕ ОҚЫТУ,**
- 2- КЕЗЕҢ – А 2 ДЕҢГЕЙІНДЕ ОҚЫТУ,**
- 3- КЕЗЕҢ – В 1 ДЕҢГЕЙІНДЕ ОҚЫТУ.**

**ӘРБІР КЕЗЕҢГЕ ШАМАМЕН 150 САҒАТ БӨЛІНДІ.**

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ЛАЙЫҚ ДЕП ТАНЫЛАТЫН ШЕТЕЛ ТІЛІНЕН КОГНИТИВТІ-ЛИНГВОМӘДЕНИ КЕШЕНДЕР ЗАМАНАУИ ОҚУ ҮРДІСІНІҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫН ҚАМТЫП ЖАТЫР.**

Педагогикалық үдеріске оқытудың әртүрлі құралдарын (аудиовизуалды, жаңа электронды құралдарды) енгізу, әрине, оларды жүзеге асыруға көмектеседі. Жаңа бағыттар табуда өздігінен білім алу қызметінің орны ерекше. Тілдік тұлғаның өз бетінше білім алуы және өзін-өзі дамытуы әлемнің тілдік көрінісін кеңейту мен байытудың және қатысымдық біліктілікті қалыптастырудың бір жолы ретінде саналады. Оқушы дербестігін арттырудың негізгі ретінде мынадай факторлар ажыратылады және зерттеледі, мысалы жеке стратегияларды қолдану, тапсырмаларды таңдау еркіндігін қамтамасыз ету және студенттерге көбірек дербестік беру.

**ОҚУЛЫҚТЫҢ СТУДЕНТТИҢ ДЕРБЕСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛУЫ МЫНАЛАРДЫ ҚАРАСТЫРАДЫ:**

- 1. НАҚТЫ ОҚУ МІНДЕТТЕРІН ШЕШУ ҮШІН СТУДЕНТТЕРДІҢ ІС-ӘРЕКЕТІ ЖҮЙЕЛЛІГІН АНЫҚТАЙТЫН ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ БОЛУЫ;**
- 2. ӘРТҮРЛІ ЖАНРЛАР МЕН БАҒЫТТАҒЫ ВИРТУАЛДЫ ЭКРАНДЫҚ– ДЫБЫСТЫҚ ҚҰРАЛДАРҒА «СІЛТЕМЕЛЕРДІҢ» БОЛУЫ;**

### **3. ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ИНСТРУКТИВТІ КАРТАЛАР ТҮРІНДЕ ОРНАЛАСУЫ – ОҚУЛЫҚТЫҢ СОҢЫНДА ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ШЕШУІ БЕРІЛУІ.**

#### **ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ-ҚАТЫНАСТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ОҚУЛЫҚ ЖАСАУДА МАҢЫЗДЫ РӨЛГЕ ИЕ. ҚАЗІРГІ КОГНИТИВТІ-ЛИНГВОМӘДЕНИ КЕШЕНДЕРДЕ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ КЕҢІНЕН ҚАРАСТЫРЫЛҒАН.**

Сонымен қазіргі заманғы шетел тілі бойынша когнитивті-лингвомәдени кешендер құрастырғанда халықаралық стандарттың бірыңғай талаптарын ескере отырып, оларды қалыптастыру бағытында еңбектенуіміз керек.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование. - М., 2003. - № 5.
2. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. - Алматы, 2005.
3. Козлов П.Г. Коммуникативные умения как ядро иноязычной коммуникативной способности. // Коммуникативные основы обучения иностранным/неродным языкам. Сборник научно-методических статей. - Алматы, 1994.
4. Мильруд Р.П. Учебник иностранного языка: синергетика жанра или энергетика автора // Иностранные языки в школе. – 2005.
5. Пассов Е.И. Учебник как феномен сферы иноязычного образования // Иностранные языки в школе. - 2004.
6. Аскарова Г.К. Шетел тілінен когнитивті-лингвомәдени кешендер дайындаудың әдістемесі. – Алматы, 2012.

**МРНТИ 14.35.07**

**УДК 378**

*О.Т. Абишева<sup>1</sup>, С.Н. Турдыбек<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Өнертану докторы, асс. Профессор*

*<sup>2</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер мәдениет және спорт институтының  
1-курс Полиграфия магистранты*

### **ЖУРНАЛ ӨНІМДЕРІН ШЫҒАРАТЫН БАСПАХАНАНЫҢ БАСУҒА ДЕЙІНГІ ЦЕХЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛІМІН ЖОБАЛАУ**

*Аңдатпа*

Мақала журнал өнімдерін шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының технологиялық бөлімін жобалауда қарастырылады. Баспахана барлық технологиялық көрсеткіштерге сай және жоғары полиграфиялық қызмет көрсете алады [2].

Технологиялық бөлімде басуға дейінгі цехының технологиялық процесі жобаланды. Таңдалған жабдықтар қазіргі заманға сай, жылдамдығы жоғары, сапасы жақсы машиналармен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, мақалада қажетті жабдықтар саны, негізгі материалдар шығыны, жұмысшылар саны және т.б. қажетті көрсеткіштер келтірілген.

Глаза широко используются. Подмигивание – используются вместе с бровями, то есть, в значении, типа «не говори никому», «держи рот на замке». Обычно этот жест используют люди из одной среды, для коих этот жест имеет общее значение. Подмигивание может передавать разные значения. Это зависит от того, какое значение выбирают участники этого отношения. Злость также может передаваться глазами, со значением, типа «установиться», «раскрыть глаза».

Невольно оголевшая правда – изумление. Тут принимают участие не только глаза, но и брови и рот. В подобном чувстве изумления глаза округляются и становятся неподвижными, брови поднимаются и принимают форму полукруга, а рот наполовину раскрывается.

Глаза актера – лишь центр мимического средства изображения. Выразительность глаз нельзя отнести к этому, тут большее значение отводится бровям, веку и движению носа. К. Станиславский высоко ценил в актере возможность передачи состояния жестом. К примеру, носовые мышцы редко двигаются. Но когда они подвижны, то передают чувства неприязни и ненависти.

Если основываться на психологической концепции, самую правдивую эмоцию выражает – рот человеческий. Если рот выражает удивление, отвращение, скорбь или радость, то соответственно меняется и очертание лица. По объяснению психологов, реакция мышц рта гораздо развитее, нежели реакция мышц глаза.

Если кто-либо оказывается объектом критики, то в соответствии с его характером в тот самый эмоциональный момент его рот также будет принимать разное положение, и в зависимости от этого обозначать чувства страха, безграничного изумления и ликования. Так же сильно прижатые губы обозначают жестокость, упорность, замкнутость или горделивость.

В качестве сопровождения озвученного слово выступают виды смеха, издевки, улыбки. Они также имеют разные значения. К примеру, морщиться, кривить губами – мимика несогласия или унижения и неприязнь чьего-либо поведения.

В самом деле, каждое действие уникально. А его эмоциональный окрас раскрывается в мимике: на лице человека легко прочесть радость либо печаль, замешательство либо изумление, страсть либо отвращение. Вместе с тем, это может быть продолжением текста. Это мы познаем при исследовании экранной манеры игры актера. «Эффект Кулешова» был показан на примере известного актера XX века И.Мозжухина. Он был взят в нейтральном плане, и с помощью монтажа его лицо передавало разные чувства: голода, отвращения, умиления. Таким образом Кулешов, с помощью монтажа увлек зрителя «гениальной игрой» актера.

Для восприятия происходящего на экране, зритель должен обладать кодом связи в совокупности. Иногда это происходит бессознательно. Жизненный опыт, воображение, умение принимать чувства человека, чередой мимики и жестов позволяет зрителю адекватно воспринимать транслируемую с экрана информацию.

Есть культурные особенности некоторых телодвижений, жестов, мимик, которые человек не может познать на жизненном опыте. Распространенная кинематографическая типология также была основана на этом принципе: если актер играет предположительно, с ожидаемыми жестами – это коммерческий кинематограф (Голливуд, Болливуд и т.д.), а если актер играет непредвиденно, используя иные жесты – это авангардное или авторское кино (сюрреализм, независимое кино, неореализм, «новая волна»).

В книге З.Кракауэра «Природа фильма» («Theory of Film. The Redemption of Physical Reality», 1960) типы актеров в кадре классифицируются следующим образом: «неактер», «голливудская “звезда”», «профессиональный актер».

О неактерах З.Кракауэр пишет следующее: «Если в фильме так важно, чтобы его персонажи не были театральны, и если актера используют как сырой материал, то стремление многих кинорежиссеров снимать непрофессионалов становится вполне понятным... Неактеров предпочитают из-за достоверности их внешнего облика и поведения. Их высшая добродетель в том, чтобы они своим участием в фильме помогли воссоздать реальную действительность, исследуемую экранным повествованием, не сосредоточенным на их личных судьбах» [4, с. 143].

О голливудской “звезде” З.Кракауэр пишет: «Почему же одних киноактеров возводят в положение «звезд», а других нет? Очевидно, что у кинозвезд в походке, в чертах лица, манере говорить и реагировать на окружающее есть нечто настолько глубоко располагающее, что массовый зритель хочет видеть их на экране из фильма в фильм, нередко на протяжении долгих лет. Логично, что роли для кинозвезд «кроятся» по заказу. Их особая привлекательность в глазах зрителя, вероятно, объясняется тем, что своим появлением на экране они утоляют некие широко распространенные в данный момент желания, как-то связанные с тем образом жизни, который «звезды» изображают на экране или о котором создают представление» [4, с. 143].

О профессиональном актере З.Кракауэр отмечает: «Лишь немногие актеры способны на полное перевоплощение с помощью тех едва уловимых дополнительных штрихов, которые составляют суть кинематографичности... Многогранные актеры этого типа не играют самих себя, они доподлинно растворяются в экранных персонажах, с которыми как будто не имеют никаких общих черт» [4, с. 144].

Если приглядеться внимательно на природу жанра фильма, то можно заметить грациозность, некую содержательность, изобразительность жестов и мимики в драматических произведениях. А в комедийном жанре присутствует буффонада, клоунада, эксцентрика, многослойные, динамичные, эмоционально-чувственные группы жестов. Дальше можно подразделять жесты и мимику с разных ракурсов, относительно становления образа персонажа, его пола, возраста, социальной и психологической характеристик. Разделив персонажей на женских и мужских, замечаем, что женщина нежны, грациозны, а мужчины больше настроены на действие, на окончательный результат.

Резюмируя данную статью, хотелось бы сказать, что жесты и мимика – важная составляющая в художественном изображении персонажа зависящая от сознания и воли актера. Жесты и мимика также важны, поскольку несут вербальную информацию. А на их проявление могут влиять разного рода внешние и внутренние факторы, будь то мода, эмоциональная информация и т.д. Тело подвластно человеку, а его части тела самостоятельны (их можно показать отдельным крупным планом). Кино уникальное средство выражения сознательного и бессознательного движения души посредством действия.

#### **Список использованной литературы:**

1. Станиславский К.С. Собр.соч. – Т.3. – М. 1959.
2. Вайсфельд И.В. Кино как вид искусства, М.: Знание, 1983.
3. Цивьян Ю.Г. Над поступками к карналистике. М. 2010.
4. Кракауэр З. Природа фильма. М. 1974.

УДК 784.23(045)(574)  
Қ41  
МРНТИ 18.41.09

*Д.Т.Қарекенова*  
*Өнертану ғылымдарының магистрі*  
*Қазақ ұлттық өнер университеті,*  
*Нұс-Сұлтан, Қазақстан*

### **ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАРЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ОРАТОРИЯ ЖАНРЫ, ОНЫҢ ҚАЗАҚ ХОР МӘДЕНИЕТІНЕ ӘСЕРІ.**

*Аңдатпа*

Мақаланың негізгі мақсаты - қазақ композиторлары шығармашылығындағы оратория жанрының маңызын ашу. Вокалдық-хор музыкасындағы ең күрделі және көлемді форма саналатын ораторияның отандық музыка тарихындағы қалыптасу кезеңдері басты бағытты құрайды. Зерттеудің өзектілігі-бұл жанрдың практикалық деградациялануы және заманауи музыкатану ғылымдарында жете игерілмеуінде болып табылады.

**Түйін сөздер:** оратория, вокалдық-хор музыкасы, Қазақстан композиторлары.

*Д.Т.Қарекенова*  
*Магистр искусствоведческих наук*  
*Казахский национальный университет искусств*  
*Нур-Султан, Казахстан*

### **ЖАНР ОРАТОРИИ В ТВОРЧЕСТВЕ КОМПОЗИТОРОВ КАЗАХСТАНА, ВЛИЯНИЕ НА КАЗАХСКУЮ ХОРОВУЮ КУЛЬТУРУ**

*Аннотация*

Основная цель статьи - раскрыть сущность ораториального жанра в творчестве композиторов Казахстана. Становление оратории в истории отечественной музыки является основным направлением исследования. Актуальность исследования заключается в том, что жанр практически деградирует и недооценивается в современной музыкальной науке. **Ключевые слова:** оратория, вокально-хоровая музыка, композиторы Казахстана.

*Karekenova D.T*  
*Master of Art*  
*Kazakh National University of Arts,*  
*Nus-Sultan, Kazakhstan*

### **ORATORIO GENRE IN THE WORKS OF KAZAKHSTAN COMPOSERS, INFLUENCE ON THE KAZAKH CHORAL CULTURE**

*Abstract*

The main goal of the article is to reveal the essence of the oratorio genre in the works of kazakh composers. The formation of an oratorio in the history of Kazakh music is the main focus.

The relevance of the study lies in the fact that the genre at a given moment is undergoing a period of degradation and is not adequately covered in modern music science.

**Key words:** oratorio, vocal-choral music, composers of Kazakhstan.

Оратория – классикалық музыка мәдениетінде монументті жаппай бірігу идеологиясын ұстанушы жанр ретінде белгілі. Оратория жанрының XVI ғасырда алғаш пайда болған қалпы мен қазіргі заманауи формасы көптеген өзгерістерге ұшыраған. Өзгерістердің пайда болу табиғаты мен оның композиторлық қордағы басымдылық деңгейі оратория жанрының қоғамдық өмірдегі қаншалықты маңызды жанр екендігін көрсетеді. Белгілі кезеңдерде осы жанрдың кеңінен пайдаланылуы мен уақытша құлдырауы заман заңдылығы немесе адамзат санасының талабы деп түсіндіріледі.

Музыка зерттеушілері арасында түп нұсқа саналатын Гендель, Бах, Моцарттың ораториялары діни мәтінді насихаттауды мақсат етіп, библия мәтініне жазылған[1.66]. Бірақ уақыт өте келе С.Прокофьев, Д.Шостакович және Г.Свиридов бастаған орыс классиктерінің ораториялары басқа бағытты ұстанды. Олардың тақырыбы демократия мен шынайы ұлтшылдық, әлеуметтік маңызы бар мазмұн және массалардың рөлін күшейту арқылы ерекшеленді[1.68]. Сол себептен XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан жаңа ораториялық бағытты зерттеуге арналған Э.Розенов, Ю.Келдыш сынды музыкатанушыларының еңбектері өте маңызды ғылыми дерек көзін құрап, қазіргі таңға дейін осы жанрға арналған негізгі мағлұматтар жүйесі болып саналады.

Қазақстан композиторларының ораториялық шығармашылығы басқа кәсіби музыка жанрларынан әлдеқайда кеш қалыптасқан. Оның пайда болуы опера және симфониялық музыка саласындағы жетістіктер мен жалпы қазақ қоғамының кәсіби музыкалық мәдениетіне тәуелді болды. 60-жылдардың басында жарық көрген алғышқы қазақ ораториялары тақырыптық өзектілігі, идеологиялық тиімділігі және үйлесімді құрылымының арқасында уақыт талабын қанағаттандыра алды[2.292].

1950 жылдардың аяғынан 1980 жылдардың басына дейінгі кезеңдегі белсенді қоғамдық көзқарастар Кеңестік музыка тарихындағы оратория жанрының алдыңғы орындарға шығуына түрткі болды. М. Эликтің «Совесткая музыка» басылымында шыққан «Что волнует сегодня?» мақаласында «оратория - заманымыздың ең маңызды мәселелерін көрсетуге қабілетті» деген музыкатанушылар арасында қалыптасқан түсінікті анықтау арқылы, опера мен симфония жанрларын шеттету тенденциясы байқалады. Сол замандағы Одақтас мемлекеттермен бір бағытта дамыған музыкалық мәдениет Литва, Эстония және Әзірбайжан композиторларының қаламынан шыққан «Навеки вместе», «Поступь мира» ораториялары идеологиялық бірлестіктің дәлелі болады.

Сыдық Мұхамеджановтың «Ғасырлар үні» (1960) тарихи ораториясы мен Ғазиза Жұбанованың «Арайлап атқан таң» (1960) ораториясы қазақ кәсіби музыка мәдениетіндегі жаңа оратория жанрының бастауы болып табылады. Және бұл үлгілер қазақ хор мәдениетінің жетілген кәсіпқойлылыққа деген сапалы секірісі болып саналып, ұлттық хор ерекшеліктерін анықтайды[2.298].

Өз еңбектерінде қазақ халқының түп нұсқалық, дәстүрлі музыкасының ерекшеліктерін толықтай жеткізе білетін, ұлттық композитор-Сыдық Мұхамеджанов оратория жанрына келмес бұрын қажырлы шығармашылық жолын жүріп өткен болатын. Қазақстанның музыка мәдениетіне сан қилы көркемдік бейнелер енгізу арқылы жаңашылық енгізуге талпынған композитор қаламынан бірінші опера буффа «Айсұлу» және дауыс пен оркестрге арналған концерт жарық көрген еді. Көптеген опералар, кантаталар және хорға арналған шығармалар жазу арқылы шеберлігін толық шындаған С.Мухамеджанов «Ғасырлар үні» ораториясының арқасында қазақ музыкасының жаңа кезеңіне бастау қойды [3.486].

«Ғасырлар үні» ораториясы солистке, аралас хорға және симфониялық оркестрге арнап жазылған ірі тарихи шығарма. Жалпы ораториялар белгілі бір саяси, тарихи оқиғаға арнап

жазылатын болған, және ол сол тарихи кезеңде насихаттайтын белгілі бір тақырыпты ұстанған. Кеңес одағының бар күш-қайратын, бар салтанатын суреттеу мақсатында жазылған мерейтойлық оратория Москва, Ленинград, Украина, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркіменстан және Кавказ елдерінің мәдениет өкілдерінің алдында орындалды.

Қ.Шаңғытбаев пен С.Мухамеджановтың тыңдарманға жеткізбекші болған негізгі ойы қазақ халқының басынан өткен қиын қыстау заманның ауыртпашылығын көрсету арқылы, бүгінгі күнді, жарқын болашаққа деген сенімді ұялату болды. XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығының зардабы, Қазан төңкерілісі мен Ұлы Отан соғыс жылдарының қасіреті бір шығармада керемет үйлесім тауып, қазақ халқының көп ғасырлық тарихын суреттейтін ұлттық мұраға айналды[4.475].

Эстониялық композитор Арво Пяртаның 1961 жылғы жазылған «Поступь мира» ораториясында да суреттелген Нагасаки трагедиясы, Сібір тарихи оқиғаласы тәрізді әлемдік сюжеттерді сипаттауға деген талпыныстан киномотографияның оратория жанрына енгізген әсерін көреміз. Осы тұрғыда ораторияның опера мен кантатаға ұқсас қырлары ашылады. Кантатаға қарағанда көлемді және драматургиялық сюжетке ие оратория, опера тәрізді театрланған қойылымды талап етпей, тек концерттік сахнада орындалатынын еске алған жөн.

Жалпы қазақ композиторларының ораториялық шығармашылығы орыс композиторлық мектептен негіз алған. Бірақ ұлттық фольклор үлгілеріне деген ерекше зейіннің арқасында ұлттық оратория атануға лайықты, дәстүрлі нақыштағы қарапайым халықтың жүрегінен орын алып қана қоймай, терең түсінуіне мүмкіндік алған шығармалар жарық көрген. Халқымыздың өміріндегі түрлі кезеңдерде орын алған тарихи оқиғалар мен ұлы тұлғалардың тағдырын негіз еткен сюжеттер түрлі композиторлардың қаламында жаңа реңге ие болды. Мысалы Қ.Қожамьяровтың «Партия Ленин» және Ғ.Жұбанованың «Ленин», «Письмо Ленина» патриоттық ораториялары жеке Лениннің тұлғалық қырына ғана бағытталмай, қоғам санасынындағы атқарылған ұлы істерге деген мақтаныш сезімі мен халық өміріндегі өзгерістердің қаншалықты маңызды екендігін насихаттайды[8.86].

Заман талабына сай оратория жанры адамгершілік идеология мен әлеуметтік құндылықтарды алға тартады, ұлы тұлғалардан үлгі алуға шақырады. Осыған байланысты Қазақ композиторларның ораториялық шығармаларының сюжеттік баяндау тәсілдері де ерекше талқылауды талап етеді. Ораториялық шығармалардың драматургиясы опера жанрына тән бір-біріне байланысты дамиды оқиға желісен талап етпейді, баяндау кеңістігінің ауқымдылығын талап етіп, «аморфты» (Г.Гегель) реттік емес құрылымды ұстанады. Бөлімдер бір-бірімен тығыз байланыста болмағанымен ортақ драматургиялық даму сюжетімен жүйеленген. Жалпы осы тұрғыда дәстүрлі эпикалық жыр өнерімен жақындығы композиторлардың негізгі құралын қалыптастырды. Қазақ композиторларының ораторияларындағы мәнерлеп оқушы кейпі ұлттық эпостың «жыршысы» ретінде түсіндірілді. Тіпті драматургиялық даму желісіндегі екі қарама-қайшы күштердің контрастты тақырыптық негізі мен кульминациядан кейінгі күрт өзгерістер осы дәстүрлі эпикалық жанрдың заңдылығынан туындаған. Эпикалық сюжет авторлық ойдың еркін мәнерленуіне мүмкіндік беретінін есте сақтаған жөн. Осының арқасында Қазақ композиторларының қаламынан шыққан көптеген ораторияларда композитордың жеке мәнерлеу ерекшеліктері жарқын көрініс тапқан. Мысалы Ғ.Жұбанованың ораторияларының негізгі тақырыбын халық әндерінің мелодикасы құрағанымен, жаңа гармониялық толықтырулар мен даму барысындағы интонациялық алмасулар жаңа дүниенің пайда болуына әкелді.

Сонымен қоса отандық музыкатану ғылымындағы оратория мен кантата жанрларының тығыз байланысы тақырыптық негіз бен образдарды ашудағы анық түсіндірмеге ие болды. Осы уақытқа дейін қазақ музыкатанушыларының қаламынан жарық көрген оратория тақырыбындағы еңбектері ораториямен қоса кантата жанрын қатар алып жүреді. Бұл тұрғыда бұл екі жанрдың бөліну шегін шығармалардың көлемі мен драматургиялық негізі

құрайды. Драматургиялық сюжетте қамтылған оқиғалар көлемі мен А.Хохловкинаның музыкатану ғылымына енгізген «Особая советская оратория» түсінігі совет композиторларының кантаталары мен ораторияларының жіктелу ерекшелігін түсіндіреді. Бір уақыттарда қазақ музыка мәдениетінде кеңінен етек жайған «камернизация» үрдісі де вокалдық-симфониялық жанрына әсерін тигізбей қоймағанын естен шығармау керек[11.109].

1980-2015 жылдар аралығындағы Қазақстан композиторлар одағына қарасты мәліметтер базасымен танысу барысында Теміржан Базарбаевтың «Степь» (5бөлімді, түрлі авторлардың мәтініне жазылған,1997), Дүнгенбай Ботбаевтың «Ақыретке сапар» ( К. Кожамбердиева, 1997), Мыңжасар Мангитаевтың «Елім менің» (Т.Иманбеков), Владимир Новиковтың «Страницы целины» (1982), Жоламан Тұрсынбаевтың «Ступени Байконура» (Ж. Молдағалиев, 1981), Ермұрат Үсеновтың «Қасиетті кең дала», «Жер сұлуы – Көкшетау» (2005) атты ораториялырын қарастыру барысында замани өзгерістің әсері байқалады. Яғни, тәуелсіз Қазақстан композиторларына патриоттық тақырып өзектілігін жоғалтпағаны мен пацифизмдік идеология, ұлттар достастығы сияқты жаңа көзқарастар пайда болады. Сонымен қатар, әр композитордың шығармашылық кезеңдерінің шырқау шегінің негізі болған жеке тұлғаның ішкі философиялық қырын түсіндіруге деген ұмтылыстың әсерін де ұмытпаған жөн[9.161].

XX – XXI ғасырлар аралығындағы оқиғалар ел тарихында ерекше толқыныстарға толы болғаны сөссіз. Тоталитарлық идеологияның құлдырауына әкеп соққан социалистік империяның ыдырауы мен Қазақстан Республикасының Тәуелсіз мемлекет мәртебесін иеленуі Отандық музыкалық мәдениеттің жаңа кезеңге аяқ басуына түрткі болды. Жаңа буын композиторларының жаңа идеологиялық – көркемдік мазмұндағы шығармалары ерекше ұлтшыл тереңдік пен замани рухқа толы болды.

Ерекше атап өтіге тұрарлық 1997 жыл, қазақ халқының тарихында маңызды оқиғаларға толы және соған сай заман композиторларының шығармашылығында ерекше жемісті болды. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтың 100-жылдық мерей тойы, Егемен Қазақстанның жаңа астанасының туылуы және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу сынды атаулы оқиғалар заман композиторларының музыкалық шығармаларда кеңінен көрініс тауып, қалың жұртшылыққа ұсынылды. Мысалы, Теміржан Базарбаевтың «Дала» («Степь») ораториясы композитордың шын жүректен шыққан табиғи толғанысы болды [12.28].

Сонымен қатар, жоғары айтылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы қарқынында Мәдениет министрлігінің ұйымдастырылуымен өткізілген конкурс Дүнгенбай Ботбаевтың «Ақыретке сапар» ораториясының пайда болуына түрткі болды. [13.101].

Осылайша, қазақ композиторларының ораториялық шығармашылығы жаңа көркемдік бейнелермен толықтырылып, тақырыптық және бейнелеу қағидаларының басқа қыры ашыла бастады. Туған жерге, туған елге деген махаббатты суреттеу сипаты салтанатты гимн формасынан терең философиялық толғау бағытына қарай бой бұрады. Осы тұрғыда, Мыңжасар Мағытаевтың «Елім менің» ораториясы патриотизмнің ерекше лирикалық, терең философиялық интонациясымен ерекшеленеді. Ыспалы аспаптар, арфа және ағаш үрмелі аспаптар ансамблінің орындауындағы «Мөлдір махаббат» (1 бөлім) тақырыбымен басталып, бейбітшілік пен тыныш өмір салтына деген құштарлығын негіз еткен[14.131].

Шығармашылық жолы екі ғасырдың тоғысу шегінде басталып, қазіргі заман шындығын суреттеу үрдісінен заңды жалғасын таба білген композиторлар қатарынан Ермұрат Үсеновтың алатын орны бар. Композитор қаламынан 2005 жылы жарық көрген «Жер сұлуы-Көкшетау» және «Қасиетті кең дала» ораториялары жанр ерекшелігіне сай көкейкесті тақырыптарды негіз еткен. «Жер сұлуы- Көкшетау» ораториясының жаңашылдығы орындаушылар құрамындағы халық аспаптар оркестрінің басымдылығында болып табылады. Ата-бабамыздан қалған ұлы рухани мұрамызды сақтауға деген ұмтылыс тақырыптық негізіндегі Біржан-сал бейнесімен бекітілген. Сонымен қатар, «Қасиетті кең дала» ораториясының пайда болу тарихына көз жүгіртсек, ол да өзінше заманауи қоғамдық

ой-толғаныстарға жауап болып саналады. 2005 жылдың 4 желтоқсанында өткен президенттік сайлау тақырыбына жазылған бұл шығарма, қарапайым халықтың мемлекетіміздің саяси өміріне ықпал етуіне мүмкіндік беретін басты формасы. Кіріспе мен кода бөліміндегі үрмелі аспаптар орындауындағы фанфарлар шығармаға эмоциялық жағынан көтеріңкі, салтанаты гимн ықшамын берсе, кең лирикалық әуезді интонациялар патетикалық мазмұнын ашады[11.296].

Оратория жанры вокалдық-хор өнерінің ең жоғарғы сатысы. Көлемі мен драматургиялық негізінің көпсатылығы бұл жанрды операдан кейінгі ірі көлем ретінде көрсетеді. Ораторияның мәнерлеу тәсілдерінің ішінде толық ауқымдысы поэтикалық мәтіннің тыңдармандарға қол жетімділігі болып табылады.

Г.Л.Арикайненің айтуы бойынша: «Қазақстан композиторларының қаламынан шыққан ораториялардың алғашқы және негізгі орындаушылары болып табылатын Мемлекеттік хор капелласы, сол заман композиторларының басты практикалық кеңістігін құрады». Көп жағдайда шығарма премьерасының сәтті немесе сәтсіз өтуі осы ұжымның кәсіби орындау деңгейіне тәуелді болды. Композитор мен орындаушылардың арасында пайда болған шығармашылық одақ, екі жақты жауапкершілікті талап етіп, жалпы қазақ музыка мәдениетінің даму негізін құрады. Орындаушылар, алдына қойылған техникалық және көркемдік міндеттерін абыроймен атқарып қана қоймай, сатылы түрде жүріп жатқан орындаушылық даму процессінің қарқынды жүруіне үлес қосты. Басқалай айтқанда, қазақ хор мәдениеті жаңа белестерді бағындыра берді[5.50].

Қазақ хор мәдениетінің қалыптасуына ерен еңбегін аямай, алғашқы әйел дирижер атаған Гүлжазира Ахметқызының «Восхождение. Маэстро и Казахская капелла» атты еңбегінде Қазақ композиторларының ораториялық шығармашылығына қатысты көп деген мағлұматтар жиналған. Ораториялардың капелла репертуарындағы алатын орны жайлы, мемлекетімізде алғашқы рет көп дауысты а'capella шығармаларын орындаушы ұжым атанған капелланың жаңа классикалық жанрды меңгеруге деген ынтасы жайлы айтылған. Орындаушылық тарихын хорға арнап өңделген халық әндерінен бастаған ұжым, уақыт өте келе кәсіби біліктілігін жаңа деңгейге жеткізгенінің арқасында бірде-бір партиялық съезд, пленум немесе композиторлардың шығармашылық кеші мемлекеттік хордың қатысуысыз өтпейтін болды. Капелланың репертуарына енген жас композиторлардың ораториялары ұлттық музыка мәдениетіміздің «жарқын көрсеткіші» атанып, одақтастық ауқымында сұранысқа ие болды. Қазақ композиторлараның ораториялық шығармалары мемлекетіміздің кәсіби хорлары мен кәсіби оркестр ұжымдарын бір сахнаға біріктіріп қана қоймай, Белорусия, Украина, Молдовия, Грузия, Армения, Эстония және Латвия мемлекеттерінде өткен Бүкілодақтық съездерде орындалатын мемлекеттік мұраға айналды[6.18].

Көпшілікке белгілі тұжырым бойынша, хор ораториядағы жетекші маңыздылықты ұстанады. Хор халықтың қуанышын, қайғы-қасіретін және философиялық арман ойларын бейнелейді. Осы қырда, композиторлардың ораториялық шығармаларының негізгі идеялық-көркемдік мазмұнын хор сахналары арқылы суреттеуге ұмтылуы әбден түсінікті болады. «Адам мен қоғам», «адам мен қоршаған орта» түсінігінің басымдылығы бұл жанрдың жаппай бірігу саясатының өзектілігін көрсетеді. Сонымен қоса ораторияда суреттелген оқиғалар халық батырлары мен халықтың тарихи өткені негізінде жазылып, қалың жұртшылықтың қызығушылығын тудырды. Кеңестік Қазақстан композиторларының қаламынан жеке стильдік ерекшелік пен ұлттық дәстүрді насихаттауға бағытталған көптеген ораториялар жарық көргенімен, оған қатысты теориялық тұжырымдамалардың жетіспеушілігі музыкатанушылардың тікелей міндетіне айналды. Яғни, Қазақстан композиторларының ораториялық шығармашылығы музыка зерттеушілері үшін ашық тақырып болып қала береді[7.17].

Қорыта келіп қазақ ораториясы тақырыптық және мәнерлеу тәсілдерінің ерекшелігіне байланысты үш бағытты ұстанды деген тұжырымға келуге болады. Олар: патриоттық бастау,

философиялық көркемдікке деген ұмтылыс және тарихи-географиялық кеңістікті кеңейту. Тарихи патриоттық сюжет пен әдеби бейнелердің музыкалық оқылуын қалыптастыру барысында пайда болған ораториялық үлгілер қазақ музыка мәдениетінің басты мұрасына айналып қана қоймай, қазақтың кәсіби музыкасын жаңа деңгейге көтерді. Музыканың әлемдік даму қарқынынан еш қалыспайтын ұлттық музыкамыз жаңа жанрларды игеріуден ешқашан тайынбады. Жекелеген оратория жанрындағы уақытша құлдырау көрсеткіші соңғы жылдары «Shint Astana» және «Astana – voice of the world» сынды хор ұжымдарына арналған әлемдік жобалар арқылы жаңа лепке ие болуда.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Музыкальная энциклопедия 4 том / Ю.В.Келдыш - М., Советская энциклопедия, 1978.
2. История музыки народов СССР 5 том, 2 часть / М., Советский композитор, 1974.
3. Күзембай С.Ә. Дәстүрлі музыка мен композиторлық шығармашылықтағы тәуелсіздік идеясы. Алматы, -2011
4. Арикайнен Г.Л. Хоровое пение в Казахстане.- Алма-Ата, 1965.
5. Ахметова Г. Восхождение. Маэстро и Казахская капелла.-Алматы, 1999.
6. Захарченко Ю.Н. Оратории и кантаты композиторов Казахстана./ Ташкент, 1989.
7. Кетегенова Н. Композиторы Казахстана. / Алматы-Болашақ. Алматы, 2012.
8. Кетегенова Н, Джумакова У. Қазақтың музыкалық әдебиеті 1920-1980. / Астана, 2005.
9. Недлина В.Е. Пути развития музыкальной культуры Казахстана на рубеже XX-XXI столетий. Диссертация на соискание учёной степени кандидата искусствоведения. Москва, 2017.
10. Алданазарова Б.Ж. Краткий курс лекций по казахской хоровой литературе.-Алматы-Классик, 1995.
11. Нуржанова А.К. Ермұрат Үсенов. Очерки о композиторах Казахстана. Сост. А.С. Нсупова.-Алматы, 2013.
12. Тусупова А.Г. Теміржан Базарбаев. Очерки о композиторах Казахстана. Сост. А.С. Нсупова.-Алматы, 2013.
13. Турмагамбетова Б.Ж. На пике созидания. Родному вузу-наш талант. Сост. Кетегенова Н.С.-Алматы, 2005.
14. Жоламанова Г. С любовью к народу. Родному вузу-наш талант. Сост. Кетегенова Н.С.-Алматы, 2005.

*А.Д.Каримова*

*Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
«Театр өнері» факультеті, «Сценография» кафедрасы  
2 курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі: Жангүжинова М.Е., п.ғ.д., доцент  
(Алматы қ., Қазақстан Республикасы)*

**КОСТЮМ СЦЕНОГРАФИЯСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНДАҒЫ КОНЦЕПЦИЯЛАР**

*Аңдатпа*

Мақала жаңа театр суретшілерін әзірлеп қалыптастыруға, визуализацияның өзекті тәсілдерін зерттеуге, заманауи спектакльдер жасаудың негізінде жатқан жаңа технологияларды пайдалануға және әзірлеуге бағытталған. Кәсіби сценограф-суретшілерге бағытталған бұл мақала қазіргі заманғы сценографияның теориясы мен тәжірибесінің негізгі проблемаларын, қазіргі заманғы театр үрдісінің инновациясын қамтиды. Этномәдениетті, болашаққа бағдар «Рухани жаңғыру» аясында дәстүрлі костюмдерді ала отырып талқылау, жоспарлау. Жаңа технологияларға сараптама жасап, қазақ ұлттық киімдердің құндылықтары тереңдетіле айтылады. Қазақстан театрлары киім цехтарындағы инновациялық жаңа технологиялар мен заманауи ұсыныстар қарастырылады.

**Кілт сөздер:** заманауи спектакль, ақылды киім, ұлттық киім, этномәдениет, костюм сценографиясы, жарықдиодты костюм, фабрицевтика, биомиметика, интегральды костюм.

*А.Д.Каримова*

*магистрант 2 курса, Казахской национальной академии искусств имени*

*Т.К.Жургенова*

*Факультет «Театральное искусство», кафедра «Сценография»*

*Научный руководитель: Жангужина М. Е., д.п.н., доцент*

*(г.Алматы, Республика Казахстан)*

## **ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ СЦЕНОГРАФИИ КОСТЮМА И КОНЦЕПЦИИ В КАЗАХСКОМ ТЕАТРЕ**

*Аннотация*

Статья направлена на разработку и формирование новых театральных художников, изучение актуальных приемов визуализации, разработку и использование новых технологий заложивших основу создания современных спектаклей. Эта статья, ориентированная на профессиональные художников-сценографов, включает в себя основные проблемы теории и практики современной сценографии, инновации современного театрального процесса. Обсуждение этнокультурного, ориентированного на будущее с приобретением традиционных костюмов в рамках «Рухани жаңғыру». Анализируя новые технологии будут изучены ценности казахского национального костюма. Будут рассмотрены новые инновационные технологии и современные рекомендации в швейных цехах театров Казахстана.

**Ключевые слова:** современный спектакль, умная одежда, национальная одежда, этнокультура, сценография костюма, светодиодный костюм, фабрицевтика, биомиметика, интегральный костюм.

*A.D.Karimova*

*2nd year master student of the T.K.Zhurgenov Kazakh national Academy of arts*

*Faculty of «Theatre art», Department «Scenography»»*

*Supervisor: Zhanguzhinova M.E., d.o.p., associate Professor*

*(Almaty, Kazakhstan)*

## **INNOVATIVE TECHNOLOGY COSTUME SCENOGRAPHIES AND CONCEPT IN THE KAZAKH THEATRE**

*Abstract*

The article is aimed at the development and formation of new theater artists, the study of actual methods of visualization, the development and use of new technologies laid the Foundation for the creation of modern performances. This article, focused on professional stage designers, includes the main problems of the theory and practice of modern scenography, innovation of the modern theatrical process. Discussion ethno-cultural, future-oriented with the acquisition of traditional costumes in the «Rouhani zhangyru». By analyzing new technologies the values of the Kazakh national costume will be studied. New innovative technologies and modern recommendations in sewing of theaters of Kazakhstan will be considered.

**Key words:** contemporary performance, smart clothing, costumes, ethnic culture, scenography costume, led suit, fabricatio, biomimetics, integral suit.

«Костюм – это вторая оболочка актера, это нечто неотделимое от его существа, это видимая личина его сценического образа, которая должна так целостно сливаться с ним, чтобы стать неотторжимой...»  
А.Я.Таиров.

Әрбір этникалық (ұлттық) мәдениеттің базалық құрамдас бөлігі болып табылатын халық киімін зерттеуде ғылымның әр түрлі салалары жетістіктерінің интеграциялануы қазіргі қоғамдағы дәстүрлі мәдениеттердің үлгілерін игеру мен трансляциялау қажеттілігін өзектендіру театр костюмінің сценографиясы ғылымының өзіндік кіші саласын бөлу қажеттілігін негіздейді.

Мақаланың өзектілігі мәдениеттің дәстүрлі үлгілерін сақтау мен трансляциялаудағы қоғамдық қажеттіліктің өсуімен анықталады. Ұлттық костюм ұлттық (этникалық) мәдениеттің ең жаппай және адамға жақын элементтерінің бірі болып табылады, онда семиотикалық жүйе арқылы этнос пен бүкіл адамзат үшін маңызды әлеуметтік-мәдени тәжірибе жинақталады және көрсетіледі. Қазіргі әлемде әр түрлі халықтардың көптеген өкілдері күнделікті өздерінің дәстүрлі киімдерін киеді, өмірдің климаттық, географиялық және мәдени-тарихи ерекшеліктеріне тамаша бейімделген. Урбанизацияланған халықтардың өздерінің дәстүрлі киімдеріне деген қызығушылығы артып келеді, олар мәдениет ескерткіштері ретінде ұлттың менталитетін білдіретін барлық жастағы және әлеуметтік топтардың өкілдерін біріктіруге және этномәдени өзіндік сана-сезімді жандандыруға ықпал ететін этникалық символдар ретінде қабылданады. Бұл қызығушылық ғылым, өнер және білім саласында да, заманауи сән саласында да, туристік бизнесте де, түрлі мерекелер мен салтанаттарды өткізу кезінде халық киімдерін кеңінен пайдалануда да көрінеді.

Қазақ театры үшін мақаланың өзектілігі соңғы онжылдықта қоғамдық және мемлекеттік өмірдің түбегейлі өзгерістерімен негізделген. Олардың ішіндегі ең маңыздысына Батыс бұқаралық мәдениетін кең ауқымды насихаттауды, байырғы рухани-адамгершілік және әлеуметтік-мәдени дәстүрлерді әлеуметтендіру институттары мен инкультурация тетіктерін бұзуды, мәдениет пен білім беру саласында жүргізілетін қарама-қайшы реформаларды жатқызуға болады. Этномәдени сана-сезімнің деформациясы, қазақстандықтардың ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтар мен нормалардан материалдық игіліктің батыс құндылықтарына қайта бағдарлануы ұрпақтар, түрлі әлеуметтік топтар мен этникалық қауымдастықтар арасындағы қарым-қатынас саласындағы шиеленісуді күшейтеді, мистикалық ілімдердің, қозғалыстардың және дәстүрлі емес мәдениеттердің таралуына дүлей және ұйымдасқан қылмыстың өсуіне алып келеді. Сонымен қатар, бүкіл Қазақстан бойынша отандық мәдениеттің үздік дәстүрлерін сақтау мен дамыту үшін алдыңғы қатарлы жұртшылықтың қозғалысы белсенді түрде қалыптасуда. Ұлттық-мәдени орталықтар мен ұлттық қоғамдардың пайда болуы шеберханалар мен көркем колөнер, фольклор, халық мәдениеті, халық киімі театрлары сияқты шығармашылық

мекемелерінің желісін кеңейту және реформалау. Бұл оң үдерістер мәдениеттанулық, этнокөркемөнердің біртұтас жүйесін меңгерген мамандарға деген қажеттілік тудырады.

Сахналық өнердегі костюм сыртқы мағынаға актерлік образына көрінетін көрінісі ретінде тарихи, қоршаған орта және типтіклігі қабылданады. Бұл костюмнің мағыналық функциясы мен басты жақтарының бірі, көрермен тарапынан оны қабылдау даусыз құраушы, сахнада актер болмысына көрінетін бөлігі. Қазіргі уақытта сахна безендіру, оған қоса костюм жасау бойынша ғылыми, тарихи, ғылыми-көпшілік, мемуарлық әдебиеттің көп саны шығарылды. Бұл сценография шеберлерінің шығармашылығына, сахналық өнер туындыларын жасаудың шығармашылық және ұйымдастырушылық-тәжірибелік аспектілеріне арналған зерттеулер. «Философия как нечто громко выраженное, видимое сознанием, театр как подтверждение бессонного существования и само искусство являются средства сохранения и продления сознания, которые составляют культуру яркой. Без него культура превратилась бы в имитацию, замороженную и мертвая коллекция памятников культуры» Халыков Қ.З. қозғаған ойындай сахнадағы әр зат ойнауы тиіс [15].

### ***Әдістер мен сараптамалар.***

Шығармашылық тұжырымдаманың проблемасы (негізгі идея, жобалау мақсаттары мен міндеттерінің мағыналық бағыты) қазіргі сценография мәселелерінде басты орын алады. Сценографиядағы инновациялық әдістер мәдениеттің мәнін құрайтын ортақ шығармашылық қондырғы болып табылса, мақаланың құндылық, мағыналық мазмұнын анықтау жеңіл болады. Шығармашылық тұжырымдаманың мазмұны мен сипаты оның авторының жеке дүниетанымымен ғана емес, сонымен қатар жобалау мәдениеті мен жалпы қоғамның дамуының негізгі үрдістерімен де байланысты. Сондықтан да жалпы сахна безендірумен қоса, костюм образды жасауда қажеттіліктеріне бағдарлануға және олардың проблемаларын шешуге өз үлесін қосуға арналған.

Сахналық костюм мен киім дизайны тығыз байланыста болғандықтан, сән әлемінің озық технологиялары тікелей театрға әсер етеді. Қандай да бір тұжырымдамалардың ерекшеліктері жобалаудың негізгі тәсілдерімен байланысты, олар төмендегідей көрсетілген:

- Құнды тәсіл индивидуумның да, қоғамның да өмір салтымен және тиісінше жеке тұлға үлгісімен, әлеуметтік және жеке құндылық нормативтерімен, соның ішінде эстетикалық нормативтерімен байланысты бірқатар объективті және субъективті құндылықтарды құру бойынша қызметті жобалауды қарастырады;
- Жүйелі тәсіл жобалау объектісін өзара байланысты материалдық-функционалдық және әлеуметтік-мәдени элементтер жүйесі ретінде қарастырады. Жүйелік тәсіл орта, оның элементтері (заттары) мен адамның (қоғамның) қатысуымен өтетін процестер арасында нақты функционалдық байланыстар орнатуды талап етеді. Жобалаудың осындай тәсілінің нәтижесі жүйелік объектіні құру болып табылады;
- Орта тәсіл адамның өмірлік ортасын меңгеру нәтижесі ретінде пәндік-кеңістік ортаны қарастырады. Адамның қызметі мен мінез-құлқы орталық ретінде және ортаның жекелеген элементтерін біріктіруші фактор ретінде қабылданады. Бұл жағдайда жобалау тұтас бейнені құруға және ортаны функционалдық ұйымдастыруға бағытталған.

Көп жағдайда «деконструктивизм» нақты тұжырымдалған жобалық идеологиясына және бір мезгілде технологтар мен инновациялық ұлттық өндірушілерінің синхронды белсенділігіне байланысты болды. Әлеуметтік-мәдени өзгерістер дизайнға, технологияға, костюм өндіру процесіне әсер етті. Жаңа технологиялардың пайда болуына және өзге де идеологиялық ортаның қалыптасуына байланысты киімдерді үлгілеудің принциптері мен әдістері туралы дәстүрлі көзқарастар өзгерді. Сәнді костюм өндірісінде арт-костюмнің жеткілікті зерттелген бағыты жаңа пайда болды, бұл осы құбылыстың теориялық ұстанымдарын қарастырудың өзектілігін, сондай-ақ алынған мәліметтерді практикалық қолдану мүмкіндіктерін зерттеуді де негіздейді.

Инновациялық технологияларды қарау бес бөлімше шеңберінде жүргізіледі: «фабрицевтика», «биомиметика», «интегралдық костюм», «ақылды костюм», «сәулелі киім». Жүргізілген талдау барысында: жүрек соғуын бақылауға қабілетті «ақылды» мата «Numetrex» (Textronics); «Elextex» (Eleksen) материалынан жасалған, кіріктірілген iPod және матаның құрылымына имплантталған басқарылатын бұйымдар; дене жылуын сақтау үшін электр өткізетін полиамидті талшықтары бар нанотканнан жасалған «WarmX-undershirt» (WarmX) іш киімі; дизайнер Мауро Талиани (Mauro Taliani) итальяндық Corpo Nove үйінің «тірі көйлек дизайны» Oricalto және Grado Zero Espace компаниясының бірқатар инновациялық эзірлемелері. Сондай-ақ Philips (Industrial Clothing Division) компаниясының қатысуымен құрылған интегралды киімнің әр түрлі түрлері ұсынылған [8; 9].

Киімдерді технологиялық жетілдірудің басқа бағыттарының арасында костюм туралы түсінігін қозғалмайтын субстанция ретінде өзгерткен биомиметика ерекше бөлінеді. Сапасы мен дизайнына ұқсас тауарлар жыл сайын конвейерлерден шығып, өзінің жеке даралығын жоғалтуда. ХХІ ғасырда тауарды таңдаудағы ең маңызды критерий жаңа эмоциялар алу, функционалдық қанағаттандырудан гөрі өзін-өзі көрсетуге ұмтылу болып табылады. Бұл талапқа оның көрінбейтін образдары, пішіні мен конструкциясы бар арт-дизайн жауап береді.

Қазіргі уақытта инновациялық технологиялар, атап айтқанда, тоқыма өнеркәсібінде қарқынды дамуда. Тоқыманың жаңа буынын өндіру ең озық NBIC-технологияларды (нано-, био-, инфо-, когнито-) жылжыту және техникалық, қорғаныс, медициналық және сәндік мақсаттағы «ақылды» тоқыманы (smart textile) өндіру нысаны болуда. Оны өндіру үшін заманауи технологиялар жетілдіріліп иіру, тоқу, тоқылмаған материалдарды өндіру, бояу сияқты инновациялық технологиялар эзірленіп енгізілуде. Сахна киімінің бейнесі мен композициясын жасау үшін киім, костюм авторлары түрлі жарық элементтерін пайдалануда: лазерлік, жарықдиодты, оптикалық талшықты, LCD және PDP технологиялар, голография, электролюминесцентті панельдер, жарық шағылыстырғыш және жарық қайтарғыш материалдар [2].

Негізінен эксперименталды және сахналық костюмдерді жасауда қолданылатын шағын лазерлерді қолдану кеңеюде. Жарық техникасының өзекті және тез дамып келе жатқан саласы электролюминесцентті элементтерді өндірумен байланысты. Текстильге біріктірілген олар жарық динамикалық эсері бар костюм элементтерінің негізіне айналады.

Арнайы және күнделікті киім жасау кезінде пайдаланылатын жарық шағылыстырғыш материалдар ерекше рөл атқарады. Жарық беретін элементтерді пайдалана отырып эзірленетін киімнің кез келген түрі киімге қойылатын барлық талаптарға сәйкес болуы тиіс. Сәулелі костюм екі жақты бейнеге ие: белсенді (on) және пассивті (off). Костюмнің мұндай қасиеті оны киімнің әдеттегі элементтерінің разрядынан шығарады және бұйымның ерекше дихотомикалық класын қалыптастырады. Костюмнің алғашқы субстанциясы ретінде келбетін анықтау беріледі, ал жеке адамның санасында өзгертін бұйымның келбетін қайталанатын құбылыс ретінде костюмнің бейнесін көрсетеді. Жарық ағынының көзбен шолу бейнесінің динамикасы жарықтандыру жағдайына байланысты қойылады. Костюмді визуалды қабылдау бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық жұмыстарына талдау жасалып, көрерменнің нақты ортадағы сәулелі костюмнің әр түрлі күйлерін анықтау ерекшеліктерін анықтайтын негізгі психологиялық қондырғыларды анықтауға мүмкіндік берді. Бұл психофизиологиялық, эстетикалық, көркемдік-бейнелік аспектілер. Нәтижесінде, көзге көрінетін жарыққондырғысының бейнесі-бұл оның перцептивті эсерінің нәтижесі, субъектінің санасында өзіне тән дихотомиялық қасиеттерді ескере отырып, бұйымның эстетикалық, рухани, бай бейнесін қалыптастырады [1].

Костюмнің светодизайнындағы әдістерге эсер еткен жаңа бағыттары ХХІ ғасырда киім жобалауда жобалаушылардың креативті қасиеттері қозғаушы күшке айналды. Костюм әлеміндегі жобалық парадигманың ауысу тармағында жаңа стильдік үрдістердің тәсілдері

белсенді түрде көрініс тапты, бұл инновациялық материалдарды жасау кезінде шабыттандырудың нақты көзі, ең алдымен, адамға қамқорлық жасау және өмір сапасының өсуіне ұмтылу болуы тиіс. «Жарықтық бейнелер» киімде мәнерлілікті іске асыру және эмоциялық-көрермендік сипаттамалары бар үлгілерді жасау үшін жобаланады. Әрине, тоқталған жаңа бағыттар театрдағы жаңа шешімдерге тікелей әсер етуі сөзсіз.

Жоғарыда аталған, интегралды киім — қабылдау формуласында көрсетілген біздің денедегі белгілі бір көрсеткіштерді қосуға қабілетті киім түрі [3]. Бұл біздің миымызға эмоцияның қысқа толқынына негізделген рефлекторлық емес реакция, ал затты қолдану уақыты бойы жұмыс істейтін ұзақ резонанстық әсер береді [4].

Интегралдық киімнің негізгі көрсеткіштері оның нысаны, түсі, онда өзін көзбен көру болып табылады. Мұндай киімкем дегенде үш қабылдау импульсын береді. Осындай жаңашылдыққа қол жеткізе отырып, біз киімнің өзінде энергия жинақтаумен байланысты маңызды энергетикалық аккумуляторлық әсерді аламыз, өйткені белгілі бір уақытты киімге интегралдық қарым-қатынасты көрсете отырып, біз тұрақты энергетикалық алмасуға бастамашылық етеміз, киімді санамен бере отырып, оны рәсімдейміз.

Интегралдық киім — өз ырғағы бар және сән сияқты уақытша көрсеткіштермен анықталатын киім түрі емес. Оның маңызды міндетіденемен ғана емес, оның киімін киген адамның санасымен де үйлесуі керек.

Қазіргі уақытта «ақылды киім» адам мен қоршаған ортаның жай-күйін және осы ақпаратты өңдей алатын арнайы костюмдерден басқа, баспасөздегі «ақылды» эпитет электрониканы бекітуге арналған платформа ғана қызмет ететін киімге де қолданылуы мүмкін. Ең бастысы «ақылды киім» денсаулық жағдайын бақылау, дәстүрлі киім функциясына қоса денені сыртқы ортаның әсерінен қорғаусияқты ерекше қасиеттерге ие. Оған қоса киім деректерді жинай алады және оларды сымсыз байланыс арқылы сыртқы компьютерге автоматты түрде жібере алады, өз бетінше өңдей алады және пайдаланушының араласуынсыз есептеу нәтижелеріне жауап бере алады. «Ақылды киімде» тоқыма пернетақтасы, мысалы, «SOFTswitch» компаниясы электр тогын беретін мата әзірледі, олардың технологиясы композиттік материалдағы кванттық туннельдеу әсеріне негізделген. Тоқыма клавиатурасын жасаудың қарапайым әдісі-ток өткізгіш және оқшаулағыш мата қабаттарын басу кезінде өткізгіш қабаттар жанасатындай етіп пайдалану; кардиограмма мен қысым көрсеткіштерін немесе басқа да технологияларды алу үшін электродтардың көмегімен жүрек ырғағы мен тыныс алу қарқынын өлшеуге арналған көрсеткіштер, мысалы, инженерлік конструкциялардың деформациясын бақылау үшін пайдаланылатын талшықты Брэг торы негізіндегі сенсорлар; адам қозғалысын бақылау үшін акселерометр бақылаулары.

XIX ғасырдың соңына киім мен электр элементтерін біріктірудің алғашқы әрекеттері, газдың жарығын ығыстыра бастады. Осылайша, The New Your Times-те 1884 жылы қыздардың қызметіне ұсынған компания туралы жарнамалық мақала шықты, олар өзіне жарық шамдарын киіп, тірі шам ретінде қызмет етті. Осыған дейін бір жыл бұрын электр шамдарын балериналардың сахналық костюмдеріне пайдалана бастаған. Бұл салада «ақылды киімнен» функционалдылық немесе ыңғайлылық емес, жаңа технологияларды пайдалану бойынша қызықты идеялар қажет. Сценографияда технологиялар синтезін пайдаланудың арқасында қойылым процесі жаңа сапаға ие болады, қойылымдық тапсырмаларды кешенді шешу мүмкіндігін ала отырып, спектакльдің көркемдік формасын құру әдістерін таңдауда өнер тапқыштық, дәлірек айтқанда, мінсіз болады [10].

Мысал ретінде, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрында бірнеше жыл бұрын қойыла бастаған «Алдар көсе» (қоюшы-суретші — А.Ихсан), «Жыл жолбарыс» спектаклінде (режиссер — Е.Нұртазин, қоюшы-суретші Е.Тұяқов), жаңа бағыттағы шешімдері ұтымды. Дәл осындай шешімдер Қазақстан театрларының көптеген қойылымдарынан көрініс табуда. Елордамыздағы «Астана опера» театрында көрсетіліп

жатқан Адольф Аданның «Корсар» балетінің сценографиялық шешімін (Эцио Фриджеро, костюм суретшісі Франка Скуарчапино) айта кетсек. Әлі де жасы жас болғанымен жаңашыл бағытпен аяқ басып келе жатқан Астана қаласындағы «Жастар» театрының қойылымдары: «Асауға тұсау» костюмдері, «Ревизор» спектаклінің сахна безендірілуі мен костюм шешімдерін, «Жібек» рок стилімен ойластырылған режиссер Н.Жақыпбайдың, облыстық театрлардың бірқатары М.Өтемісұлы атындағы Атырау облыстық музыкалы қазақ драма театры, Н.Жантөрин атындағы музыкалық-драма театры, «Жас сахна» театрларының орны ерек. Көпшілік театрлар минимализмді ұстанып үлкен ой салуға құлшынуға, мысалға, М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрындағы «Жүрегімнің иесі», «Бақыт кілті» сценографиясы, Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрында жүріп жатқан «Ана жүрегі» (қоюшы режиссері – Антон Зайцев, қоюшы суретшісі – Сергей Мельцев), «Ана-Жер ана» (режиссері - Дина Жұмабаева, суретшісі – Юлия Чернова), кіші театрлар «Артишок», «Лаборатория 316», «28 театры», «АИ», «Дат!» театрларын бірқатар тізбектеуге болады және мақалада айтылып жатқан ұсыныстарды ескерсек [6;12].

Жаңа ұйымдастыру технологияларының дамуын тежейтін проблемаларды: театрлардың ақпараттық және бағдарламалық қамтамасыз етудің қазіргі заманғы құралдарымен жеткіліксіз жабдықталмауы, бірыңғай театр ақпараттық деректер базасының болмауы, ақпараттық қамтамасыз ету, компьютерлік графика және мультимедиа саласында кәсіби дайындалған театр мамандарының тапшылығын талдайды, сурет салу қабілетінің де жоғалуы.

Бұл проблеманы шешуде театрлық шартты және виртуалды нақтылық өзара әрекеттесуінің келесі үрдістерін анықтап, талданады:

1. Театрдағы табиғи көріністер (армандар, аяққа көріну, галлюцинация және т.б.) мен жасанды виртуалды көріністер органикалық үйлеседі, қазіргі заманғы мәдени практикалардың көмегімен құрылған (көркем және техникалық шығармашылық, компьютерлік технологиялар, жасанды орта және т.б. жасау).
2. Театр өнерінде классикалық шығармалардың кейіпкерлерін виртуалды кейіпкерлерге, комикстерге, мультфильмдерге, компьютерлік ойындарға айналдыру үрдісі белсенді дамып келеді.
3. Қазіргі заманғы театрда компьютерлік әсерлермен корреляциялайтын құралдармен визуализация үрдісі өзекті.
4. Компьютерлік технологиялардың, компьютерлік графиканың көмегімен театр шығармаларындағы интерактивтілік принципін дамыту үрдісі.

Суретшінің және режиссердің өзара іс-қимылындағы негізгі мәселе қазіргі кәсіби қызметтің шекарасын өзгерту, спектакльдің көркемдік бейнесін құрудағы ақпараттық сценографияның үдемелі, басым рөлі болып табылады, бұл мультимедиялық «трюктердің» көріністерімен режиссерлік ойды жиі алмастырады.

Сандық шығармашылық формасына толық қосылған суретшілер компьютерлік графиканы қарындашпен сурет салудың немесе кескіндеудің дәстүрлі техникасын көреді. Графикалық компьютерлік бағдарламаларда, оның ішінде үш өлшемді арнайы әсерлердің молдығы олар үшін бейнелеу мүмкіндіктерінің негізіне айналады. Сондықтан ақпараттық бейнелеу құралдарын пайдаланатын суретшілерде «шығармашылық жазбаның» көбеюі байқалады, кейде практиканың жоқтығынан, сурет салу қабілетін ішінара жоғалту да мүмкін.

### **Қорытынды.**

Қазіргі заманғы технологияларды қолдану арқылы сценографиялық шешімнің режиссерлік тұжырымдамасында мультимедиялық минимализм құралдарының «стандартты» жинағын қолдана отырып қорытынды жасалады және жүргізілген зерттеудің негізгі қорытындылары төмендегідей шығарылады:

1. Театрда тарихи даму контекстінде жаңа технологиялардың қалыптасуы: әлем картинасының сценографиялық бейнесінің өзгерістерімен, әр түрлі дәуірдің әлеуметтік-

эстетикалық ерекшеліктерінің дамуымен, техниканың көріністік эстетикалануының пайда болуымен және театрдың техникалық жабдықталуының артуымен, ойын-сауық өнерінің жаңа жанрлары мен формаларының пайда болуына ықпал етеді.

